Келісемін
МҚКК №1 "Күншуақ" б/б
әдіскері: Асанова Л.М
«29» 08 2025-2026 ж.

Келісемін
МҚКК №1 "Күншуақ" б/б
меңгерушісі: Барикова Г.Ж
«29» 08 2025-2026 ж.

# МҚКК №1 "Күншуақ" бөбекжай-балабақшасы "Көбелек" ересек тобының 2025-2026 оқу жылына арналған ата-аналар жұмыс жоспары

2025-2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner

**Мақсаты:** Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру. Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру. Ата-аналармен тығыз байланыста болу.

**Міндеттері:**

1.Отбасы мен балабақшаға ата – аналардың тәрбиелеу белсенділігін барынша дамыту.

2. Әрбір отбасында балаларды жан - жақты дамытып тәрбиелеу үшін жағдайлар жасауға жәрдемдесу.

3. Балаларды еңбекке тәрбиелеп, денесін шынықтыруда ата – аналардың белсенділігін күшейтуде үнемі жәрдемдесу.

Scanned with CamScanner

| Жұмыс түрлері | Мазмұны | Қатысушылар | Әдіс-тәсілдер |
|---|---|---|---|
| | **Қыркүйек** | | |
| - **Бірлескен ұжымдық жұмыс** | **Ата-аналар жиналысы:**<br>**Тақырыбы:** «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы»<br>Күн тәртібінде:<br>• Көңілді смайликтер (ата-аналарды қарсы алу)<br>• 2025-2026жылғы жаңа оқу жылымен таныстыру<br>• "Білесіздер,білмейсіздер" ойыны<br>• Қызықты сұрақтар<br>• Ата-аналар арасында төрайым сайлау<br>• Бес саусақ<br>• «Майшам» жаттығуы. | Тәрбиешілер<br>Ата-аналар | Түсіндірме,қызықты сұрақтар,ойындар |
| **Ұйымдастыру -насихаттау жұмысы** | "Дені саудың-жаны сау" | Тәрбиешілер<br>Медбике кеңесі | Түсіндірме<br>буклет |
| **Балабақшаға өміріне ата-аналардың қатысуы** | "Отбасым менің байлығым" | Тәрбиешілер<br>Ата-аналар | Фотоколлаж |
| | **Қазан** | | |
| **Ұйымдастыру -насихаттау жұмысы** | "Қарттар біздің қазынамыз" | Тәрбиешілер<br>тәрбиеленушілер | Ертеңгілік |
| **Жеке жұмыс түрлері** | "Спорт біздің досымыз" | Тәрбиешілер<br>тәрбиеленушілер | Қимылды жаттығулар |
| **Балабақшаға өміріне ата-аналардың қатысуы** | "25 қазан Республика күні" | Тәрбиешілер<br>Тәрбиеленушілер<br>Ата-аналар | Ертеңгілік |
| | **Қараша** | | |
| **Ұйымдастыру -насихаттау жұмысы** | "Берекелі алтын күз" | Тәрбиешілер<br>тәрбиеленушілер | Ертеңгілік |
| **Жеке жұмыс түрлері** | Төтенше жағдай болғанда кімге қоңырау шаламыз? | Тәрбиешілер<br>тәрбиеленушілер | Түсіндірме жұмыстар<br>Фотосуреттер |
| **Балабақшаға өміріне ата-аналардың қатысуы** | "Жомарт сары алтын күз" | Тәрбиешілер<br>Ата-аналар | Күзгі көрме |
| | **Желтоқсан** | | |
| **Ұйымдастыру -насихаттау жұмысы** | Тәуелсіздік тұғырым | Тәрбиешілер<br>Ата-аналар | Іс-шара |
| **Жеке жұмыс түрлері** | Қауіпсіздік ережелері | Тәрбиешілер | Түсіндірме |

Scanned with CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | тәрбиеленушілер | ойын |
| **Балабақшаға өміріне ата-аналардың қатысуы** | Жасыл шырша жанында | Тәрбиешілер тәрбиеленушілер Ата-аналар | Мерекелік ертеңгілік |
| **Қаңтар** | | | |
| **Бірлескен ұжымдық жұмыс** | **Ата-аналар жиналысы:**<br>**Тақырыбы:** «Отбасы - тәрбиенің алтын бесігі»<br>1.Медбике кеңесі.<br>2.Баяндама "Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі"<br>3.Тренинг, ойындар | Тәрбиешілер медбике | Ата-аналар жиналысы |
| **Жеке жұмыс түрлері** | Ойыншықтарды қауіпсіз пайдалану ережелері | Тәрбиешілер тәрбиеленушілер | Түсіндірме |
| **Балабақшаға өміріне ата-аналардың қатысуы** | Қыс қызығы | Ата-аналар тәрбиешілер | Көрме |
| **Ақпан** | | | |
| **Ұйымдастыру -насихаттау жұмысы** | Аппақ аққала | Тәрбиешілер тәрбиеленушілер | Ойындар, мүсін дайындау |
| **Жеке жұмыс түрлері** | Тұмаудан сақ болайық | Тәрбиешілер | Түсіндірме жұмыстары |
| **Балабақшаға өміріне ата-аналардың қатысуы** | Қыс мезгілінің сұлулығы | Ата -аналар | көрме |
| **Наурыз** | | | |
| **Жеке жұмыс түрлері** | "Бәйшешектер гүлденгенде" | Тәрбиешілер тәрбиеленушілер | Қолөнер бұйымдарын дайындау |
| **Ұйымдастыру -насихаттау жұмысы** | 1-наурыз Алғыс айту күні | Тәрбиешілер тәрбиеленушілер | Ертеңгілік |
| **Ұйымдастыру -насихаттау жұмысы** | 8-наурыз Халықаралық әйелдер күні | Тәрбиешілер тәрбиеленушілер | Ертеңгілік |
| **Балабақшаға өміріне ата-аналардың қатысуы** | 22-наурыз "Ұлыстың ұлы күні Әз-Наурыз" | Тәрбиешілер Тәрбиеленушілер Ата-аналар | Ертеңгілік |
| **Сәуір** | | | |
| **Жеке жұмыс түрлері** | Менің құқықтарым, менің міндеттерім | Тәрбиешілер тәрбиеленушілер | Әңгімелесу |
| **Ұйымдастыру -насихаттау жұмысы** | Кім жылдам? Қимылды ойын | Тәрбиешілер тәрбиеленушілер | Қимылды жаттығулар, ойындар |

Scanned with CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Балабақшаға өміріне ата-аналардың қатысуы** | 12 сәуір Ғарышкерлер күні | Тәрбиешілер<br>Тәрбиеленушілер<br>Ата-аналар | Сурет,<br>көрме |
| | **Мамыр** | | |
| **Бірлескен ұжымдық жұмыс** | **Ата-аналар жиналысы:**<br>**Тақырыбы:** «Бала біздің болашағымыз»<br>1. Жылдық қорытындылау<br>2.Жазғы сауықтыру жоспарымен таныстыру<br>3.Ата-аналар комитеті есебі<br>4. Қорытындылау | | |
| **Ұйымдастыру -насихаттау жұмысы** | 1-мамыр Бірлік күні | Тәрбиешілер<br>тәрбиеленушілер | Тәрбие сағаты |
| **Ұйымдастыру -насихаттау жұмысы** | 7-мамыр Отан қорғаушылар күні | Тәрбиешілер<br>тәрбиеленушілер | Тәрбие сағаты |
| **Жеке жұмыс түрлері** | Жолда абай болайық! | Тәрбиешілер<br>тәрбиеленушілер | Түсіндірме жұмыстары<br>Қауіпсіздік ережелері |
| **Балабақшаға өміріне ата-аналардың қатысуы** | 9 Мамыр Жеңіс күні | Тәрбиешілер<br>Тәрбиеленушілер<br>Ата-аналар | Мерекелік ертеңгілік |
| | | | |

Scanned with CamScanner

# №1 АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

**Жас тобы:** №1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы «Көбелек» ересек тобы
**Оқу жылы:** 2025-2026 оқу жылы
**Өткізілген күні:** 07.11.2025 жыл
**Өткізілетін орны:** Музыка залы
**Жиналысқа қатысушылар саны:** 12 адам
**Шақырылғандар:** Т.А.Ә. №1 "Күншуақ" бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі Барикова Г.Ж Әдіскері Асанова Л.М
**Жиналыстың тақырыбы:** ««Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы»
**Өткізу формасы:** тренинг, ойындар
**Мақсаты:** Балабақша мен ата – ана арасындағы ынтымақтастықты құру. Жас отбасы, балабақша білікті педагогтары мен көп балалы ата-аналардың тәжірибесі арасындағы қарым –қатынасты нығайту. Жағымсыз көңіл-күйден арылу, күш-қуат жинау, өзін-өзі тану, құрметтеу, өзін еркін сезінуге көмектесу. Өз ойынды толық жеткізуге тежеуді жеңуге, белсенді ойынның әрекеттестігінің коммуникативті дағдыны дамыту. Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру; ата-ана бойына өздерін тәрбиеші мұғалім ретінде карауда қызығушылықтарын дамыту; баламен дұрыс тіл табысуға, сөйлеу мәдениетін үнемі қолдауға ой салу.
**Міндеті:** Ата-аналардың балабақшамен, тәрбиешілермен тығыз байланысын арттыру, балаларын білімге, сыйпеншілікке, мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсету.

## КҮН ТӘРТІБІ

1. "Көңілді смайликтер" Жауапты тәрбиешілер Қыдыралы Л.Т. Рысқұлова Б.Е.
2. "Білесіздер,білмейсіздер" ойыны жауапты тәрбиеші Рысқұлова Б.Е
3. 2025-2026 жылғы жаңа оқу жылымен таныстыру баяндама Қыдыралы Л.Т
4. " Қызықты сұрақтар" жауапты тәрбиеші Қыдыралы Л.Т
5. " Ата-аналар арасында төрайым сайлау"
Жауапты тәрбиешілер Қыдыралы Л.Т. Рысқұлова Б.Е.
6. " Бес саусақ" Жауапты тәрбиешілер Қыдыралы Л.Т. Рысқұлова Б.Е.

## БАРЫСЫ

1. Тәрбиешілер алдын-ала дайындалған смайликтер арқылы ата-аналарға сергіту сәтін ұйымдастырды және сәлемдесу шеңберін өткізді.

2. Тәрбиеші Рысқұлова Б.Е. ата-аналармен жақын танысу мақсатында "Білесіздер, білмейсіздер" ойынын өткізді. Ойынның мақсаты ата-аналар бір-бірін жақын тани білуге, көңіл күйлерін көтеруге бағытталған. (мысалы: менің осындай баланың анасы екенімді білесіздер ал менің осындай мамандығым немесе осындай жерде жұмыс жасайтынымды білмейсіздер).

3. 2025-2026 оқу жылына "Көбелек" ересек тобының тәрбиешісі Қыдыралы Л.Т. баяндама оқыды. Баяндама барысында ата-аналарға «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР ОАМ 14.10.2022 №422-бұйрығының негізінде балаларды тәрбиелеудегі нысаналы тәсілдерге баса назар аударылғаны айтылды.

Бағдарламаның міндеті бес дағды бойынша жүргізіледі (1. Физикалық даму. 2. Қарым-қатынас дағдыларын дамыту. 3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту. 4. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту. 5. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.)

Баяндамада балабақшадағы күн режимі балалардың қажеттіліктері ескерілген, дербес іс-

Scanned with CamScanner

әрекеттер, ойындар (оның ішінде халық ойындары, зерттеу ойындары), жаттығулар мұқият жоспарланған режим түрінде құрылғаны, тұрақты тамақтану, ұйықтау және демалу, физикалық белсенділік сияқты жүйелік аспектілер атап өтілді. Сонымен бірге күн тәртібінің психологиялық маңыздылығына, қауіпсіздік сезімін, дербестік пен тәртіп үшін жағдай жасауға, әлеуметтік дағдыларды дамытуға назар аударылды. Ата-аналарға күн тәртібін сақтау бойынша ұсыныстар айтылды: бұл әдеттегі тәртіпті сақтау, қызығушылық таныту, дербестікті дамыту, уақытты бірге өткізу.

Сонымен қатар "Көбелек" ересек тобының ҮІӘ және күн тәртібі таныстырылып, "Адал азамат" біртұтас тәрбие бағдарламасы және де балабақшада "Аналар мектебі", "Әкелер мектебі". "Әжелер мектебі" ұйымдастыру бойынша ата-аналарға хабардар етілді. Тобымызға "Аналар мектебін" ұйымдастыру жұмыстары берілді.

«Аналар мектебінің» негізгі міндеттері таныстырылды:

- отбасына баланы тәрбиелеу мәселелері бойынша көмек көрсету;
- ата-аналардың (заңды өкілдердің) педагогикалық білімдерін кеңейту;
- отбасылық тәрбиенің озық тәжірибесін насихаттау;
- барлық отбасы мүшелерін МДҰ-ның қызметіне белсенді қатысуға және мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуге тарту;
- педагогикалық тәжірибе алмасу, ұлттық салт-дәстүрлер негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу;
- отбасында және МДҰ-да тәрбиелеу әдістері мен тәсілдерінің біріздiлігін қамтамасыз ету, ұрпақтар сабақтастығын сақтау және нығайту;
- аға буынға құрмет көрсетуге тәрбиелеу.

Баяндаманы аяқтай келе тәрбиеші Қыдыралы Л.Т. ата-аналарды бірлесіп, жауапкершілікпен жұмыс жасауға шақырды.

4. Ата-аналарға арналған қызықты сұрақтар ойыны ойнатылды. Тәрбиеші Қыдыралы Л.Т үстел үстіндегі жүрекшелер артында жасырынған сандарды ата-аналарға таңдатып, сандармен сәйкестендірілген сұрақтарын қойды.

Сұрақтар:

1. Балаңызды еркелеткенде қандай сөз пайдаланасыз?
2. Балаңыздың сүйікті асы қандай?
3. Балаңыздың ең жақын досы?
4. Балаңыздың туылған күні?
5. Балаңыз қандай түсті жақсы көреді?
6. Балаңыз ата-анасының қайсысымен ашық сөйлеседі?
7. Балаңызға ашуланғанда ең алдымен аузыңызға қандай сөз түседі?
8. Балаңыздың тәрбиешілердің толық аты-жөні?
9. Балаңыз балабақшаға қандай көңіл- күймен келеді?
10. Балаңыздың жақсы қасиеті?

Ата-аналар белсене ат салысып, балаларына қатысты сұрақтарға қызықтыда, көңілді жауап берді.

5. 2025-2026 оқу жылының ата-аналар төрайымы мен көмекшілерін сайлау мәселесі қарастырылды.

2025- 2026 оқу жылына "Көбелек" ересек тобының ата-аналар комитеті мына құрамда бекітілді: ата-аналар комитетінің төрағасы - Курганбекова Назгуль; ата-аналар комитетінің мүшелері - Скала Элианора Александровна, Прянишникова Александра;

6. Ата-аналар жиналысының күн тәртібіндегі келесі пункт ата-аналардың бірлесіп жасаған жұмысы "Бес саусақ" тапсырмасы. Алдын-ала қабырға газетіне салынған күн және қиылған 5 саусақ пішіндегі қағаздар ата-аналарға ұсынылды. Ата-аналар 5 саусақ пішіндес қағазға өз балаларының есімдерін және жылы тілектерін саусақтарға тізбектеп жазып, қабырға газетіне күннің шуақтары етіп желіммен жапсырды. Тәрбиешілер жасалған жұмыстың балалар киіну бөлмесінде ілінетінін айтты.

Scanned with CamScanner

## №1-АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ШЕШІМДЕРІ

- ҚР ОАМ 14.10.2022 №422-бұйрығының сәйкес ересек топта мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын іске асырудың шарты ретінде балаларды тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттерін орындау өзекті және міндетті деп есептелсін.
- Балабақшадағы күн тәртібін балалардың психологиялық, физикалық, әлеуметтік қауіпсіздігі, белсенділігі, дамуы үшін негіз ретінде есептелсін, отбасындағы күн тәртібін балабақшадағы режимге ыңғайластырсын, «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік ережелері», «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдары педагогтерінің жүргізуі міндетті құжаттар тізбесі», МДҰ-ның ішкі тәртіп ережелерін, мамандардың ұсынымдары сияқты құжаттардың негізінде "Көбелек" ересек тобында режим міндетті түрде орындалсын.
- 2025- 2026 оқу жылына "Көбелек" ересек тобының ата-аналар комитеті мына құрамда бекітілсін: ата-аналар комитетінің төрағасы - Курганбекова Назгуль; ата-аналар комитетінің мүшелері - Скала Элианора Александровна, Прияншникова Александра;

Ата-аналар жиналысы өткізілген күні: 07.11.2025 жыл

Ата-аналар комитетінің төрағасы (Т.А.Ә.) Курганбекова Н
(Қолы) ________

Хатшы (Т.А.Ә.) Рыскулова Г.Е.
(Қолы) ________

Scanned with CamScanner




Scanned with CamScanner

***Мақсаты:*** ***Балабақша мен ата – ана арасындағы ынтымақтастықты құру. Жас отбасы, балабақша білікті педагогтары мен көп балалы ата-аналардың тәжірибесі арасындағы қарым –қатынасты нығайту. Жағымсыз көңіл-күйден арылу, күш-қуат жинау, өзін-өзі тану, құрметтеу, өзін еркін сезінуге көмектесу. Өз ойынды толық жеткізуге жеңілдету, белсенді ойынның әрекеттестігінің коммуникативті дағдыны дамыту. Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру; ата-ана бойына өздерін тәрбиеші мұғалім ретінде қарауда қызығушылықтарын дамыту; баламен дұрыс тіл табысуға, сөйлеу мәдениетін үнемі қолдауға ой салу.***

Scanned with CamScanner

***Міндеті: Ата-аналардың балабақшамен, тәрбиешілермен тығыз байланысын арттыру, балаларын білімге, сүйіспеншілікке, мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсету.***

Scanned with CamScanner

# «Білесіздер, білмейсіздер?» интеллектуалдық - танымдық ойыны

Scanned with CamScanner




«Бекітемін» [illegible]
«Келісілді» [illegible]

**2.6 «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша 2025-2026 оқу жылына арналған [illegible]**

| Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына арналған тәрбие жұмысы жоспары | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАР | | | | |
| № | Қызмет түрі | Атқарылу нысаны | Жауапты ұйымдастырушылар | Орындалу мерзімі |
| 1 | 2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарын құру және бекіту | [illegible] | МДҰ ұйымдастырушысы, педагогтары | Тамыз-қыркүйек |
| 2 | Ата-аналар [illegible] | Хаттама | МДҰ ұйымдастырушы педагогтары | Жыл бойы |
| 3 | Қамқоршылық кеңесінің [illegible] | Хаттама | Қамқоршылық кеңесінің хатшысы | Жыл бойы |

**Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы**

*1 қыркүйек – «Білім күні»*
*5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні*
*Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні*
*Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні*
*Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні*

| Р/с | Іс-шаралар атауы | Атқарылу нысаны | Жауапты орындаушылар | Орындалу мерзімдері |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 1 қыркүйек - Білім күні «[illegible]» | Күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекет Дайындық: «Ел мәртебесі – [illegible] мәртебесі» | Мектепке дейінгі ұйымның басшысы, әдіскер, педагогтар | Мерзімінде |
| 2 | «Бақытты отбасы - берекелі ел» | Бейне -ролик Дайындық: «[illegible]» | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | Мерзімінде |
| 3 | «Абай оқулары» | Мультимедиа [illegible] Дайындық: «[illegible]» | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, дене шынықтыру нұсқаушылары, әдіскер | Мерзімінде |

**Қазан айы – [illegible]**

*1 қазан – Қарттардың [illegible] күні*
*5 қазан – Мұғалімдер күні*
*25 қазан – Республика күні*

# *Ата-аналарға арналған қызықты сұрақтар.*

Scanned with CamScanner

# «Бес саусақ»

*ата-аналармен бірлесе отырып ұйымдастырылған жұмыс*

Scanned with CamScanner




Scanned with
CamScanner








Scanned with CamScanner

№ 1 Ата-аналар жиналысының хаттамасы

Жас тобы: №1 „Күншуақ" бөбекжай-балабақшасы „Көбелек" ересек тобы

Оқу жылы: 2025-2026 оқу жылы

Өткізілген күні: 07.11.2025 жыл

Өткізілетін орны: Музыка залы

Жиналысқа қатысушылар саны: 12 адам

Шақырылғандар: №1 „Күншуақ" бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі Тажикова Г.К. әдіскері Асанова Л.М.

Жиналыстың тақырыбы: «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы»

Өткізу формасы: тренинг, ойындар

Мақсаты: Балабақша мен ата-ана арасындағы ынтымақтастығын құру. Жас отбасы, балабақша білікті педагогтары мен көп балалы ата-аналардың тәжірибесі арасындағы қарым-қатынасты көбейту, жағымсыз көңіл-күйден арылу, күш-қуат жинау, өзін-өзі тану, құрметтеу, өзін еркін сезінуге көмектесу. Бұ ойындағы толық жеткізуге тілекті кезде өзіндік ойынның әрекеттестігінің коммуникативті дағдысын дамыту. Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру; ата-ана бойына өздерін тәрбиеші маман ретінде қарауда қызығушылықтарын дамыту; баламен дұрыс тіл табысуға, сөйлеу мәдениетін үнемі қолдануға ой салу.

Міндеті: Ата-аналардың балабақшамен, тәрбиешілермен тығыз байланысын арттыру, балаларын

білімге, сүйіспеншілікке, мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсету.

## Жиын тәртібі

1. "Көңілді смайликтер" жауапты тәрбиешілер Жұдырғалы Л.Т Рысқұлова Т.Е.

2. "Білесіздер, білмейсіздер" ойын жауапты тәрбиеші Рысқұлова Т.С.

3. 2025-2026 жылғы жаңа оқу жылымен таныстыру баяндама жауапты тәрбиеші Жұдырғалы Л.Т.

4. "Қызықты сұрақтар" жауапты тәрбиеші Жұдырғалы Л.Т

5. "Ата-аналар арасында төрайым сайлау" жауапты тәрбиешілер Жұдырғалы Л.Т Рысқұлова Т.Е.

6. „Бес саусақ" жауапты тәрбиешілер Жұдырғалы Л.Т Рысқұлова Т.Е.

## Барысы

1. Тәрбиешілер алдын-ала дайындалған смайликтер арқылы ата-аналарға сергіту сәтін ұйымдастырды және сәлемдесу шеңберін өткізді
2. Тәрбиеші Рысқұлова Т.Е. ата-аналармен жақын танысу мақсатында "Білесіздер, білмейсіздер" ойынын өткізді. Ойынның шартына ата-аналар бір-бірін жақын тани білуге көңіл күйлерін көтеруге бағытталған (мысалы: менің осындай баланың анасы екенімді білесіздер ал менің осындай жерде жұмыс жасайтынымды білмейсіздер).

3. 2025-2025 оқу жылына „Көбелек" ересек тобының тәрбиешісі Жұдырғалы Л.Т баяндама оқыды. Баяндама барысында ата-аналарға «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту

құралы» ҚР ОАМ 14.10.2022 № 422-бұйрығының негізінде балаларды тәрбиелеудегі инновациялық тәсілдерге баса назар аударылғаны айтылды.

Бағдарламаның міндеті бес дағды бойынша құрылады. (1. Физикалық даму. 2. Қарым-қатынас дағдыларын дамыту. 3. Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту. 4. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту. 5. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)

Бағдарламада балабақшадағы күн режимі балалардың қажеттіліктері ескеріліп, дербес іс-әрекеттер, ойындар (оның ішінде халық ойындары, зерттеу ойындары), тапсырмалар мұқият жоспарланған режим (кесте) түрінде құрылғаны, тұрақты тамақтану, ұйықтау және демалу, физикалық белсенділік сияқты түрлі аспектілер атап өтілді. Сонымен бірге күн тәртібінің психологиялық маңыздылығына, қауіпсіздік сезімін, дербестік пен тәртіп үшін жағдай жасауға, әлеуметтік дағдыларды назар аударылды. Ата-аналарға күн тәртібін сақтау бойынша ұсыныстар айтылды: бұл әдеттегі тәртіпті сақтау, қызығушылық таныту, дербестікті дамыту, уақытты бірге өткізу.

Сонымен қатар "Көбелек" ересек тобының ҰІҚ және күн тәртібі таныстырылып, "Адал азамат" біртұтас тәрбие бағдарламасы және де балабақшада "Аналар мектебі", "Әкелер мектебі", "Әжелер мектебі" ұйымдастыру бойынша ата-аналарға хабардар етілді. Тобымызға "Аналар мектебін" ұйымдастыру нұсқаларын берілді.

"Аналар мектебінің" негізгі міндеттері таныстырылды:

- отбасында баланы тәрбиелеу мәселелері бойынша көмек көрсету.
- ата-аналардың (заңды өкілдерінің) педагогикалық білімдерін кеңейту;

Scanned with CamScanner

- отбасының тәрбиенің озық тәжірибесіне насихаттау;
- отбасы барлық мүшелерін МДҰ-ның қызметіне белсенді қатысуға және мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуге тарту
- педагогикалық тәжірибе алмасу, ұлттық салт-дәстүрлер негізінде өскелең ұрпақты
- отбасында және МДҰ-да тәрбиелеу әдістері мен тәсілдерінің біріздiлiгiн қамтамасыз ету, ұрпақтар сабақтастығын сақтау және нығайту.
- Аға буынға құрмет көрсетуге тәрбиелеу.

Баяндаманы аяқтай келе тәрбиеші Қыдырова Л.Т ата-аналарды бірлесіп, ынтымақтастықпен жұмыс жасауға шақырды.

4. Ата-аналарға арналған қызықты сұрақтар ойыны ойналды. Тәрбиеші Қыдырова Л.Т. үстел үстіндегі жүрекшелер артында жасырылған сандарды ата-аналарға таңдатып, сандармен сәйкестендірілген сұрақтарды қойды.

Сұрақтар:
1. Балаңызды еркелеткенде қандай сөз пайдаланасыз?
2. Балаңыздың сүйікті асы қандай?
3. Балаңыздың ең жақын досы?
4. Балаңыздың туылған күні?
5. Балаңыз қандай түсті жақсы көреді?
6. Балаңыз ата-анасының қайсысымен ашық сөйлеседі?
7. Балаңызға ашуланғанда ең алдымен аузыңызға қандай сөз түседі?
8. Балаңыздың тәрбиешілердің толық аты-жөні?
9. Балаңыз балабақшаға қандай көңіл-күймен келеді?
10. Балаңыздың жақсы қасиеті?

Ата-аналар белсене ат салысып, балаларына қатысты сұрақтарға қызығып, көңілді жауап берді?

5. 2025-2026 оқу жылының ата-аналар төрайымын мен комитетін сайлау мәселесі қарастырылды. 2025-2026 оқу жылына „Көбелек" ерекше тобының ата-аналар комитеті мына құрамда бекітіл

Scanned with CamScanner

ді; ата-аналар комитетінің төрағасы – Курганбекова Назым; ата-аналар комитетінің мүшелері – Скрипа Элеонора Александровна, Третьяникова Александра.

6. Ата-аналар жиналысының күн тәртібіндегі келесі пункт ата-аналардың бірлесіп жасаған жұмысы „Бес саусақ" тапсырмасы. Алдын ала қабырға газетіне салынған күн және қиылған 5 саусақ пішіндегі қағаздар ата-аналарға ұсынылды. Ата-аналар 5 саусақ бейнесіне қағазға өз балаларының есімдерін және оның тілектерін саусақтарға тізбектей жазып, қабырға газетіне күннің шуақтары етіп келісімен жапсырды. Тәрбиешілер жасалған жұмыстың балалар кіру бөлмесінде ілінетінін айтты.

№1 Ата-аналар жиналысының шешімдері

• ҚР ОАМ 14.10.2022 № 422 - бұйрығына сәйкес ересек топта мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын іске асырудың шарты ретінде балаларды тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттерін орындау өзекті және міндетті деп есептелсін.

• Балабақшадағы күн тәртібін балалардың психологиялық, физикалық, әлеуметтік қауіпсіздігі, белсенділігі, дамуы үшін негіз ретінде есептелсін, отбасындағы күн тәртібін балабақшадағы режимге бейімдестірген, «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік ережелері» «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдары педагогтерінің жүргізуі міндетті құжаттар тізбесі», МЖБС-ның ішкі тәртіп ережелерін, мамандардың ұсыныстары сияқты құжаттар негізінде „Көбелек" ересек тобында режим міндетті түрде орындалсын.

Scanned with CamScanner

• 2025-2026 оқу жылына „Көбелек" ересек тобының ата-аналар комитетінің мына құрамда бекітілсін! Ата-аналар бас төрағасы Құрманбекова Назгүл; Ата-аналар төрағасының мүшелері: Скала Элеонора, Гривнишникова Александра:

Ата-аналар жиналысы өткізілген күні: 07.11.2025ж

Ата-аналар төрайымы бас: Құрманбекова Назгүл

Хатшы Рахымова Г.Е.
Ондырысова Л.Т

Бекітемін ____

МКҚК №1 "Күншуақ"

бөбекжай-балабақшасы

Әдіскер: Асанова Л.М

# «Дені саудың-жаны сау»

## Түсіндірме

**"Көбелек" ересек топ**

**Тәрбиешілер: Қыдыралы Л.Т**
**Рысқұлова Б.Р**

**2025-2026 оқу жылы**

Scanned with CamScanner

**Баяндама**

**"Дені саудың - жаны сау"**

**Дені сау болу — адамның табиғи қалауы. Дені сау және рухани дамыған адам бақытты: ол өзін керемет сезінеді, жұмысынан қанағат алады, өшпес жастық пен сұлулыққа қол жеткізе отырып, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылады. Бізді сұлуларға әнұранмен шабыттандыратын ұлы ақындар сұлулық пен денсаулықты жиі ажыратады. Адамның жеке басының тұтастығы, үйлесімділігі, ең алдымен, ағзаның психикалық және физикалық күштерінің өзара байланысы мен өзара әрекеттесуінде, өміріміздің әртүрлі салаларында өзін-өзі көрсетудің үйлесімділігінде көрінеді. Белсенді және дені сау адам саналы іс-әрекетін жалғастыра отырып, "жанның" жалқау болуына жол бермей, жастығын ұзақ уақыт сақтайды. Біз мұндай адамды ерте балалық шақтан бастап "жасап", тәрбиелеуіміз керек. Және бұл үшін қазіргі уақытта әртүрлі**
**жолдар мен мүмкіндіктер.**

**Ұсынылған сабақтар жүйесі баланың дамуына жан-жақты әсер етеді. Барлық жаттығулар мен ойындар еркін қарқынмен, мәжбүрлеусіз өткізіледі. Қандай да бір себептермен жаттығуларды орындағысы келмейтін балалар жай ғана бақылап немесе жартылай орындай алады.**

**Жаттығу кезінде тыныс алу еркін, бірақ 4-5 жастағы балалармен ойын сәттерінде тыныс алуды тоқтатуға болады. Дозасы мен қарқыны балалардың жасына, қазіргі көңіл-күйіне, денсаулық жағдайына байланысты.**

***Бұл ойын жаттығуларын өткізудің негізгі міндеттері:***

**— суықтың алдын алуды қадағалау;**
**— балаларды шынықтыруды жүзеге асыру;**
**балаларды саналы түрде дені сау, зейінді, сезімтал болуға баулу;**
**стресстен, шамадан тыс жүктемелерден арылуға үйрету;**
**акупрессураның қажетті дағдыларын қалыптастыру.**

**Ойынға ынтамен қатыса отырып, балалар бір-бірімен бір-бірімен қимыл-қозғалыс нұсқаларын ұсынады, бұл қазірдің өзінде шығармашылықтың бастауы болып табылады. Сонымен бірге олар өз-өзіне массаж жасау, акупунктура, жолдастарына көрсете алатын медициналық көмек туралы білімнің алғашқы элементтерін алады. Бұл олардың бойында мейірімділік сезімін, басқалардың қайғысына жауапкершілікпен қарауды дамытады. Ойын барысында балалар "жылайды" және күледі, өз эмоцияларын еркін жеткізе отырып, еркін айқайлап, күле алады; олар толығымен босатылады және бұл жаттығулардың емдік әсері туралы ойламайды. Олар үшін бұл тек ойын, нәтижесінде қуанышты көңіл-күй мен жақсы бұлшықет жүктемесінен басқа, жер бетіндегі ең кемел жаратылыстардан туған балалар, кейде үлкендердің қысымымен жаңадан жоғалғандарды табады., тыныштық, ішкі еркіндік, болмыстың ашықтығы мен қабылдауы және кішкентай сиқыршылар сияқты бұл қасиеттерді отбасына әкеліп, үлкендерді мейірімді, жұмсақ, жарқын етеді.**

**Акупрессураның таза механикалық түрде жүргізілмеуі үшін сәйкес эмоционалды көңіл-күйді қалыптастыру қажет. Мұны, мысалы, балаларға "Мүсінші" ойынын ұсыну арқылы жасау оңай. Онда балшықпен немесе ермексазбен жұмыс істеудің бұрынғы тәжірибесіне сүйене отырып, сіз балаға процеске шығармашылықпен қарауға және жасалған образдың ішкі көңіл-күйін сезінуге мүмкіндік бере аласыз. Кескінді жасау кезінде акупрессурамен тек "махаббат қолымен" айналысуға болады, өйткені бұл жағдайда эмоционалдық жағдай үшін жауапкершілік толығымен мектеп жасына дейінгі баланың санасына жүктеледі. Ол образды жасаушыға - ішкі Жан дүниесіне сенім артады.**

**Нүктелік өзін-өзі массаж - бұл саусақтардың ұшымен теріге және бұлшықет қабатына жанасу және проприоцептивтік нүктелер мен нервтердің тармақтары орналасқан жердегі қысым. Мұндай массаж ынталандырушы немесе тежеуші әсер ете отырып, жан-жақты әсер еткенде жақсы нәтиже береді, әсіресе ол ойын жағдайында өз денесімен "қарым-қатынас" және жылы сөздерді ойша айтумен (тәтті, мейірімді, жақсы) үйлескенде. . Акупрессура психофизикалық жаттығулардың элементі ретінде бұлшықеттердің босаңсуына және жүйке-эмоционалдық стрессті жеңілдетуге көмектеседі. Ол көбінесе кейбір белсенді нүктелерге әсер ету арқылы жүйке процестерінің ағымын жақсарту үшін қолданылады. Бұл негізінен табан мен саусақтардағы белсенді нүктелердің, бастың, беттің және құлақтың кейбір нүктелерінің, сондай-ақ саусақтардың өздігінен массажы.**

**Егер ауырсыну саусақтарыңызбен жеңіл қысыммен сезілсе, онда белсенді нүктені оң қолдың саусақтарымен центрифугалық спираль бойымен жеңіл, жылдам және үстірт уқалау керек - өзіңізден оңға қарай (сергітетін әсер). Егер ауырсыну нүктені қатты басқанда ғана пайда болса, онда оң қолдың**

Scanned with CamScanner

бас бармағымен дәл осы нүктені орташа күшпен басу арқылы тыныштандыратын әсер ету керек, содан кейін оны центрге тартқыш спираль бойымен - өзіңізден солға қарай мақсатты түрде ысқылаңыз. . "Кішкентай сиқыршылардың гимнастикасын" орындау кезінде биологиялық белсенді нүктелерге мақсатты қысым жасалады. Бірақ әйгілі Шиацу әдісін емдік қолданудан айырмашылығы, бала мұнда жай ғана "жұмыс істемейді" - ол қамқорлық, сүйіспеншілік, сүйіспеншілік объектісін көріп, денесін ойнайды, мүсіндейді, мыжылады, тегістейді. .

Дененің белгілі бір бөлігіне массаж жасай отырып, бала голографиялық әсердегідей бүкіл денеге тұтастай әсер етеді. Оның шын мәнінде әдемі нәрсе жасап жатқанына толық сенімділік баланың өз денесіне деген оң құндылық қатынасын дамытады

Scanned with CamScanner




Scanned with CamScanner

# Менің отбасым



Бақберген Ерасыл



Сагын Ибрагим



Редькин Харитон

Scanned with CamScanner

# Отбасым менің байлығам



Матветиц Терентий



Досанов Ақтөре



Марат Іңкәр

Scanned with CamScanner

# Менің шағын мемлекетім



Қайырбай Назар



Айкурген Абурахман

Scanned with CamScanner

Бекітемін ______
МКҚК №1 "Күншуақ"
бөбекжай-балабақшасы
Әдіскер: Асанова Л.М

# «Қарттарым – асыл қазынам»
## ертеңгілік
### "Көбелек" ересек топ

Тәрбиешілер: Қыдыралы Л.Т
Рысқұлова Б.Р

2025-2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner

**Тақырыбы: «Қарттарым – асыл қазынам»**

**Мақсаты**: Балаларға 1-қазан қарттар күні туралы түсінік бере отырып, қарттарға құрметпен қарауға, сыйлауға үйрету, ауызекі сөйлеу дағдысын жетілдіру. Үлкенді сыйлай білуге, өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға, халқымыз- дың ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрпымыздан нәр алуға, сақтай білуге тәрбиелеу. Балаларға ұлттық қадір-қасиеттер, имандылық, үлкенді қадірлеу, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсету керектігін түсіндіру.

**Көрнекілігі**: Нақыл сөздер.

**Тәрбиеші**:

-Балалар, қанекей бәріміз жылулық шеңберіне тұра қалайықшы.

**Шаттық шеңбері:**

Кім үлкенді тыңдаса,<br>
Кім үлкенді сыйласа.<br>
Үлкен болған кезінде,<br>
Сыйлы болмақ өзі де.

**Тәрбиеші**:

-Мемлекетіміз 1990 жылы 14 желтоқсанда 1 - қазан қарттар күні деп есептеуге қаулы шығарды. Қазіргі кезде біздің мемлекетімізде қарттарға үлкен мән беріп, көңіл аударып, жан - жақты үкімет тарапынан қамқорлық жасалуда. Қазақстанның өсіп - өркендеуіне, еліміздің бейбітшілік тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыздың арқасы деп есептейміз. Міне, енді қарттар күні саналы ғұмырларын Отан деп, тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын аға - апаларымыздың төл мерекесі. Олардың өмір жолдары бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына.

Балалар мен сіздерге жұмбақтар жасырайын сіздер шешуін табыңыздар. Бұл кім екен.

1-жұмбақ

Айтары мол ғұлама,<br>
Көп жасаған бұл адам.<br>
Әкесі ол әкеннің,<br>
Білер оны сұраған.<br>
Ол кім?<br>
(Ата)

2-жұмбақ

Аймалайды «Күнім» деп,<br>
Мейірімді жүзі күлімдеп.<br>
«Тәтті-ақ» дейді немере,<br>
Бал шырындай үнің деп.<br>
Ол кім?<br>
(Әже)

**Тәрбиеші**:

-Дұрыс айтасыздар, сіздерді үнемі еркелетіп жүретін аталарың мен әжелерің. Бүгінгі мере- ке сол қарттарымызға арналған. Ендеше мына тақтадағы суретке назар аударыңыздар. Суретте кімдер бар? Төрде кім отыр, немен шұғылданып жатыр? Сол туралы айтып, әңгімелеп беріңіздер.

Сурет: «Отбасы мүшелері»

(тақтаға дастархан басына жиналған отбасы мүшелері суреті ілінеді)

Балалар әңгіме құрастырады.

**Тәрбиеші**:

-Дұрыс балалар ендеше қазір ойын ұйымдастыралық.

Ойын: «Кім жоқ?»

Мақсаты: Балаларды тапқырлыққа, есте сақтау қабілетін дамытуға баулу.

Шарты: отбасындағы мүшелердің атын атап, жасырынған отбасы мүшесін табу.

**Тәрбиеші:**

-Енді осы үлкендеріміз ата-әжелеріміз жөнінде кім тақпақ айтып береді?

**Ерасыл:**

Scanned with CamScanner

Атам менің манда
Әдепті жан бол деген
Атам сөзі санамда
Жасы үлкенге жол берем
Алдын орап кісінің
Кесіп өтпе көлденең
Ізетімен кішінің
Сәлемдесіп қол берем.
**Аягөз:**
Ата үлкен көрміз,
Қуат берген дәріміз
Әулеті аялап
Ардақтаймыз бәріміз
**Юсуф:**
Менің әжем, жыр әжем,
Шуағы мол нұр әжем
Ақ таяққа сүйеніп
Аман-есен жүр әжем
**Айшабибі:**
Құттықтаймыз мейрамыңмен аталар!
Әр күлгенің бізге бақыт саналар.
Еңбегіңді еш етпейтін өмірде
Елің жұртың ұл мен қызың бағалар
Ана мейір күн көзімен пара – пар.
Тұла бойға қуат болып таралар
Өміріме шуақ шашып әрқашан
Көп жасаңдар аталар мен аналар!
**Ескендір:**
Күлімдеген көзіңнен
Айналайын атажан
Не үлкен сый бар бізге
Өзің берген батадан.
**Алдияр:**
Менің әжем ақ әжем
Ақ жаулықты жан әжем
Ақыл айтқан дана әжем
Ертегісі дара әжем
**Марк:**
Бабушка как бабочка,
Целый день летает.
То меняет лампочку,
То носок латаетг
Над цветами вьется
И не знает скуки
Если ей взгрустнется,
То утешат внуки!
**Полина:**
Бабушки нашей
Нет в мире родней,
Часто читаем
И вяжем мы с ней
Вместе играем
Готовим обед
Будем друзьями

Scanned with CamScanner

С бабулей сто лет!
(Қошақаным қайда екен? Әні қосылады)
Сергіту сәті: Қошақаным қайда екен?- әні ырғағына орындалады.
**Тәрбиеші**:
-Тамаша, енді оқу қызметімізді жапсыру жұмыстарымен жалғастырайық. Алдарыңызға назар аударыңыздар, алдарыңызда ақ парақ бетінде ата-әжеміздің суреті бейнеленген, суретіміздің үстіне мақтадан ата-әжеміздің бейнесіндей етіп жапсырамыз
(Балалар жапсыру жұмыстарын орындайды)
**Тәрбиеші**:
-Жапсыру жұмыстарын ойдағыдай орындап шықтыңыздар, өте тамаша. Міне бүгінгі біздің «Қарттарым – асыл қазынам» - атты қарттар күніне арналған ұйымдастырылған оқу қызметімізде аяқталып қалды. Сіздерге оқу қызметі ұнадыма, біз кімдер туралы әңгімеледік?

**Балалар**:
-Ұнады, біз ата-әжелеріміз, үлкен адамдар туралы әңгімеледік.
-Үлкендерді сыйлау керек деп айттық.
-Сурет бойынша әңгіме құрастырдық.
-Дидактикалық ойын ойнадық.
-Жапсыру жұмысымен шұғылдандық.
**Тәрбиеші**:
-Бүгінгі іс-шараға өте жақсы қатысып, сұрақтарға жауап бере білдіңіздер. Бәріміздің де отбасымызда қарттарымыз аман-сау болсын .

Scanned with CamScanner



Scanned with CamScanner

Бекітемін ______
МКҚК №1 "Күншуақ"
бөбекжай-балабақшасы
Әдіскер: Асанова Л.М

# «Спорт - біздің досымыз! »

## қимылды жаттығулар

### "Көбелек" ересек топ

Тәрбиешілер: Қыдыралы Л.Т
Рысқұлова Б.Р

2025-2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner

Тақырыбы: Спорт - біздің досымыз!
Мақсаты: Салауатты өмір салтын ұстануға баулу. Спортқа деген қызығушылығын арттыру. Әр түрлі спорттық ойын түрлерімен танысу, тәсілдерін меңгеру. Балалардың икемділігі мен епгіліктерін, шапшаңдылық қабілеттерін дамыту.
Түрі: Эстафеталық ойын
Көрнекілігі: Үлкен резеңке доп, шарлар, доптар, кедергілер, жалаушалар,ысқырық, уақыт өлшеуіш.
Барысы:
Жргізуші: Құрметті балалар! Бүгін біздің "Балдырған" тобында спорттық жарыс өтпекші. Балаларға сәт сапар тілейміз.
Сайысқа қатысатын балалардың кеуделерінде өз белгілері қыстырылған. Алдымен жүргізуші сайыс шарттарымен таныстырылады.
Сайысқа қатысушыларымен жеке таныстыру. Әр команданың ұранымен таныстыру.
Ұстанған салауатты өмір салтын,
Жасқанып, ешқашан да мойымайтын,
Болашақ спортшылар келді ортаға
Қол соғып қарсы алайық, балалар.
«Тұлпар» тобын ортаға шақырамыз
Топтың ұраны: Спортпен достас, жалқаулықпен қоштас.
«Сұңқар» тобын ортаға шақырамыз
Топтың ұраны: Бәріміз – біріміз үшін, біріміз – бәріміз үшін.
Ойын түрлері:
1.Тез адымда
2./Шебер
3. Кім жылдам?
4. Шегірткелер
5. Доппен секіру.
1."Тез адымда"
Ойынның шарты: себеттен себетке кедергілер арасымен ирелеңдеп жүгіріп барып себетке доптарды тасу.
2. "Шебер"
Шарты: бірінші бала допты шеңберге қою, екінші бала допты алып келу
3." Кім жылдам?"
Мәреге дейін кім бұрын жүгіріп барады.
4. "Шегірткелер".
Бір бала қос аяқпен кедергілер арасынан секіріп барып, қайтар жолда жүгіріп қайтады. Келесі ойыншы ойынды жалғастырады.
5. "Доппен секіру".
Үрмелі резеңке доппен секіру.
III. Қорытынды бөлім
Көрсетті міне өз өнерін балалар,
Сайыстың да соңы келіп таянар.
Жеңімпазды анықтайық канекей,
Әділқазы сайысты әділ бағалар.
Сайыс соңында әділқазылар алқасы ұпай санын шығарып, қай команданың жеңгенін айтады. Жарыс соңында жеңіске жеткен командаға сыйлықтар тапсырылады. Балаларға арнайы дайындалған алқалар тапсырылады.
Спорт – көркі өмірдің,
Спорт- досың, серігің.
Жаттықсаң шымыр боларсың,
Шынығып, өсіп, толарсың, - демекші салауатты өмір салтын ұстанып, спортты серік етейік!

Scanned with CamScanner



Scanned with CamScanner



Scanned with CamScanner



Scanned with CamScanner

Бекітемін ________
МКҚК №1 "Күншуақ"
бөбекжай-балабақшасы
Әдіскер: Асанова Л.М

# «25-қазан Республика күні»

## ертеңгілік

### "Көбелек" ересек топ

Тәрбиешілер: Қыдыралы Л.Т
Рысқұлова Б.Р

2025-2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner

## «Мен Отанның бақытты ұлымын»

**Жүргізуші**: Құрметті кішкене бүлдіршіндер және қонақтар. Баршаңызды 25 қазан Республика күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға отбасылық бақыт, денderіңізге саулық, еңбектеріңізге жеміс, мерекелік шат көңіл тілеймін.

Ақжайық, Алтай арасы
Қазақтың шалқар даласы
Республикама қарашы!
Жерімнің дәні маржандай
Қырманы асқар таулардай
Республикама қарашы!
Шолсаң да биік аспаннан
Қарқырар кені тастардан
Республикама қарашы!
Шырқаған сайын тірегі
Республикама қарашы!

I. Әнұран.

Бүгінгі біздің 25 қазан Республика күніне арналған «Мен Отанның бақытты ұлымын!» қысқаша тәрбие сағатын бастаймыз.

II. Хор: «Егеменді Қазақстан»

Елші:

- Өзі бұл жер қай ел екен, жөн сұрап білейін?!

**Жүргізуші:**

- Сәлеметсіз бе? Сіз кім боласыз? Қателеспесем, біздің елге басқа жақтан келгенсіз - ау деймін.

**Елші:**

- Мен ел аралап жүрген елшімін. Сыңғырлаған балалардың күлкісін естіп, қай елдің бақытты балалары екенін білейін деп келдім.

**Жүргізуші:**

- Олай болса, қош келдіңіз! Қазір бізде 25 қазан Республика күніне арналған тәрбие сағат өткелі жатыр. Балалардан сұрап біліңіз.

Елші:

- Сәлем, балалар! Сендер өте көңілді, әрі бақытты көрінесіңдер. Сендердің Отандарың, қасиетті мекендерің қай Республика?

Балалар:

- Қазақстан Республикасы.

Елші:

- Президент кім?

Балалар:

- Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев

Елші:

- Отандарыңның астанасы қай қала?

Балалар:

- Астана қаласы.

Scanned with CamScanner

Елші:
- Елдеріңіз өзінің қандай қасиеттерімен айбатты?
Балалар:
- Әнұран, Туы, Елтаңбасымен.
Елші:
- Өте жақсы. Осы елдің бақытты ұл - қыздары екендеріңді қалай дәлелдейсіңдер?
1. **Ерасыл**: Әнұраным, жан ұраным
Айтар әнім, сөйлер сөзім
Туған жерім сағынарым
Мәңгі - бақи шырқалады
Республикам, Әнұраным
2. **Аягөз**: Елтаңбасы елімнің
Неткен көркем, әдемі
Тұнығындай көңілдің
Ортада аспан әлемі.
3. **Алдияр**: Жарасқан байрақтың мәні бар
Көк аспан, көк қыран сәні бар
Көк байрақ ашық көк кеңісін
Алтын күн – белгісі жеңістің.
III. Ән: «Ойнаймыз да күлеміз».
**Жүргізуші**:
- Балалар, сендер сүйікті Отанымыздың қасиетті белгілерін біледі екенсіңдер. Онда Отан дегеніміз не?
Балалар:
- Отан дегеніміз біздің әке - шешеміз, туған туыстарымыз, ауыл қалаларымыз, өзіміз туып - өскен жеріміз.
**Ескендір**: Отан – сенің ата - анаң,
Отан – досың, бауырың
Отан - өлкең, астанаң
Отан – аудан, ауылың.
**Айшабибі**: Отан – атам, Отан - әкем
Осы сөзім қате ме екен?
Қате болса неге біздер
Дейміз оны атамекен.

**Жүргізуші:**
- Балалар, халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы айтқан екен: «Отан үшін отқа түс, күймейсің»,- деп. Басқа да батыр ағаларымыз, апаларымыз «Отан» деп жырлаған, қорғаған, қастерлеген және Отан үшін өмірлерін қиған екен.
Біз де осы ата - апаларымыз сияқты Отанымызды қорғауымыз керек. Отан үшін еңбек ету керек.

Scanned with CamScanner

**- Сендердің еңбектерің – сендердің жақсы оқығандарың, тәртіпті бала болғандарың. Осымен Республика күніне арналған тәрбие сағатымыз аяқталды. Сау болыңыздар**

Scanned with CamScanner

















Scanned with
CamScanner

Бекітемін___________
МКҚК №1 "Күншуақ"
бөбекжай-балабақшасы
Әдіскер: Асанова Л.М

# «Берекелі алтын күз»
## ертеңгілік
### "Көбелек" ересек топ

Тәрбиешілер: Қыдыралы Л.Т
Рысқұлова Б.Р

2025-2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner

Тақырыбы: **"Арайлы Алтын күз"**

Мақсаты: Алтын күз мерекесін өткізу. Күз туралы түсініктерін кеңейту. Балаларға мерекелік көңіл - күй сыйлау.
**Тәрбиеші:**
Құрметті қонақтар! Балалар! Алтын күз мерекесіне қош келдіңіздер! Ел байлығын арттырған берекелі де, мерекелі күз мерекесі құтты болсын! Ендеше «Арайлы Алтын күз» атты ертеңгілігімізді бастаймыз.. «Көбелек» ересек тобының бүлдіршіндерімізді қарсы алайық! (әуенмен қолдарында жапырақтары бал балалар залға кіреді)

Тәрбиеші: Жапырақтар сап - сары
Қонып жатыр жерге кеп
Қызықтап бау - бақшаны
Шаттанады бал - бөбек.
Ендеше балаларымыздың тақпақтарын тыңдап көрелік:

Ескендір: Күз келді, алақай!
Алтын келді далаға.
Дәні бітік бидайды,
Құйып жатыр қамбаға.
Молшылыққа бөлеген,
Күз айы неткен ырысты ең?
Біздерді қауыштыратын,
Ыстық ұя мектеппен.

Ақсұлу: Ән салыңдар күліңдер
Жайнап гүлдей жүріңдер.
Күздің тойын тойлайық
Би билейік, ойнайық

Ерасыл: Келді міне күз
Айнала сары түс
Керемет, тамаша
Қандай әсем күз
Жеміс-жидек пісті,
Қамбаға астық түсті.
Қызу жұмыс басталып,
Жинап алды жан салып.

Арсан: Наступила Осень
Пожелтел наш сад
Листья на березе
Золетем горят
Не слыхать весёлых
Песен соловья.

Scanned with CamScanner

Улетели птицы
В дальние края.

Ева: Сап - сары маңай,
Сап - сары тоғай.
Соңғы әнін айтып,
Құс кетті қайтып.

Полина: Если на деревьях
Листья пожелтели,
Если в край далекий
Птицы улетели,
Если небо хмурое,
Если дождик льется,
Это время года
Осенью зовется.

- Ия балалар дұрыс айтасыңдар табиғаттың бізге берер байлығы мен березесін сыйлайтын сары Алтын күзіміз тағы келді. Олай болса балалардың орындауындағы «Алтын күз келді» әнін қабыл алыңыздар.

Ән: «Алтын күз келді»

**Тәрбиеші:**
Балалар бізге қонақ келе жатқан сияқты.Ол кім болды екен?

**Күз ханшайымы:** Сәлем менің достарым,
Өмірге көп қосқаным,
Күз сыйлығын алыңдар
Сыйлығына қаныңдар.
Молшылыққа кенеліп,
Шаттық әнге салыңдар.

**Тәрбиеші:** Сәлеметсіз бе, Күз ханшайымы! Біздің балалар сізді асыға күтті.

**Күз ханшайымы:** Рахмет, менің достарым!

**Тәрбиеші:** Теңіздей тербетіле көл бетіне,
Бишілер билеп кетті тербетіле.
Аққудай қалықтаған теңіздегі,
Әншілер өнерлерін көрсетуде.
Ендеше Күз ханшыйымы біздің балаларымыздың билерін тамашалайық!
**(би Қолшатыр)**

**Күз ханшайымы:** Жарайсыңдар балалар! Мен де құр келмедім. Сендермен ойын ойнағым келіп тұр.

**Ойын: Кім жылдам.**

**Тәрбиеші**: Ханшайым сізге балалар күз мерекесіне арналған тақпақтарын ұсынады.

Scanned with
CamScanner

Аягөз: Көбейді құт береке,
Астық толы қамбамыз.
Құтты болсын мереке,
Алтын күзді тойлаймыз.

Юсуф: Күздің қазан айында
Алма, алмұрт піседі.
Жапырақтар сарғайып,
Сыбдыр - сыбдыр етеді.

Инкар: Алтын, сары, қызыл, көк
Алуан - алуан жапырақ
Ағаштардан жамырап
Ұшты кенет жамырап

Марк: . Берекесі сыйлауға
Өлкемізге күз келді
Жемістерін жинауға
Шақырады біздерді

Кымбат: Золотые листики
С дерева летят
Кружит ветер листики
это листопад

Ақтөре: Қуандырып біздерді
Кел жемісті алтын күз,
Өлкемізге күз келді
Кемелдейсін халқымыз.

Назар: Осень добрая пришла
Нам подарки принесла
Яблоки душистые
Персики пушистые
Груши золотистые
Осень принесла

ибрагим бибиару мирон харитон терентий
**Би: Сақыраукұлақтар.**

**Тәрбиеші:** Балалар қане мерекеге арналған тақпақтарымызды жалғастырайық!

Айшабибі: Қарашы **күз** келді, **күз** келді
Жапырақ жауыпты іздерді.
Құс біткен керуен тізеді,
Қара бұлт қабағын түйеді.

Scanned with CamScanner

Абдурахман: Айнала жым-жырт,
Көк аспан сұрғылт.
Жер жыртқан тыңда
Трактор қырда.

Терентий: Ходит осень в нашем парке,
Дарит осень всем подарки:
Фартук розовый — осинке,
Бусы красные — рябинке,
Зонтик жёлтый — тополям,
Фрукты осень дарит нам.

Бибіару: Көрініп еліме
Күндері мереке.
Келді ғой жеріме
Күз дейтін мереке.

Мирон: Следом за летом
Осень идёт.
Жёлтые песни
Ей ветер поёт,
Красную под ноги
Стелет листву,
Белой снежинкой
Летит в синеву

Харитон: Осень осень погоди
И с дождиками не спеши
Дай еще нам лета
Солнышка и лета

Ән: Күз,күз

**Ойын**: Қолшатыр

**Күз Ханшайымы:** Жарайсыңдар балалар маған өнерлерін қатты ұнады! Көп рахмет. Сендерге күздің дәмін ала келдім. (алма таратып береді)

Жүргізуші: Күздің кереметі, байлығы өте көп. Күзде біздің дастарханымыз дәнді дақылдарға, көкөністерге, жеміс - жидектерге толы болады, бірақ осы байлыққа жету үшін көп еңбек ету керек. Міне балалар осымен «Арайлы Алтын күз» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Сіздерді күз мерекесімен құттықтаймын, әр отбасыға бақыт - береке тілеймін!

Scanned with CamScanner



Scanned with
CamScanner




Scanned with CamScanner

Бекітемін____

МКҚК №1 "Күншуақ"
бөбекжай-балабақшасы
Әдіскер: Асанова Л.М

# «Төтенше жағдай болғанда кімге қоңырау шаламыз»

## түсіндірмелі жұмыстар

"Көбелек" ересек топ

Тәрбиешілер: Қыдыралы Л.Т
Рысқұлова Б.Р

2025-2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner

Өрт – адамның өмірі мен мүлкіне, қоршаған ортаға үлкен қауіп төндіретін төтенше жағдайлардың бірі. Ол күтпеген жерден басталып, бірнеше минут ішінде үлкен аумаққа таралуы мүмкін. Сондықтан өрт шыққан жағдайда жылдам әрі дұрыс әрекет ету – адам өмірін құтқарудың басты шарты.

Өрт шыққанын анықтау және дабыл беру

Өрттің алғашқы белгілері – түтін, оттың жалыны, күйік иісі немесе электр сымдарының ұшқындануы байқалғанда, бірден әрекет ету қажет. Ең алдымен: Өрт сөндіру қызметіне (101 немесе 112) хабарлау керек. Мекенжайды, өрттің қай жерде және қандай көлемде болып жатқанын нақты айту маңызды.

Айналадағы адамдарды ескерту. Егер ғимарат ішінде болсаңыз, айқайлап немесе дабыл түймесін басып, басқа адамдарға хабар беріңіз.

Көшу жолдарын анықтау. Түтін басқан бөлмеде қалмай, тез арада қауіпсіз жерге шығу керек.Өрт кезінде қауіпсіз эвакуация

Өрт болған кезде басты міндет – өз өміріңізді сақтап қалу. Ол үшін: Егер бөлме түтінге толса, еденге жақын жермен қозғалу керек, өйткені төменгі қабаттарда ауа көбірек болады.

Киімге немесе матаға су сеуіп, тыныс алу жолдарын қорғау үшін мұрын мен ауызды жауып алу қажет.

Лифтіні пайдаланбау керек, өйткені өрт кезінде ол тоқтап қалуы немесе түтінмен толуы мүмкін.

Егер есіктер ыстық болса, оларды ашуға болмайды – от келесі бөлмеде болуы мүмкін.

Өртті бастапқы кезеңде сөндіру. Өрттің таралуы әлі басталмаған жағдайда оны сөндіруге тырысуға болады:

Электр құралдарының тұтануы кезінде алдымен электр қуатын ажырату қажет.

Майлы және жанғыш сұйықтықтардың жануын су құю арқылы сөндіруге болмайды – оның орнына құм, жер немесе өрт сөндіргішті қолданған жөн.

Егер киіміңіз тұтанса, жүгірмеу керек, керісінше, жерге жатып, отты тұншықтыру үшін домалап, жамылғы немесе қалың матаға оранған дұрыс.

Өрттен кейінгі іс-әрекеттер

Төтенше қызметтердің келуін күту және олардың нұсқауларын орындау қажет.

Егер зардап шеккендер болса, алғашқы медициналық көмек көрсету керек.

Ғимаратқа қайта кіруге болмайды, өйткені өрт қайта тұтануы немесе құрылымдық зақымдар болуы мүмкін.

Қорытынды

Өрт кезіндегі алғашқы іс-әрекеттердің дұрыс орындалуы адам өмірін сақтап қалуға көмектеседі. Ең бастысы – үрейге бой алдырмай, жылдам әрі дұрыс шешім қабылдау. Өрт қауіпсіздігі ережелерін алдын ала үйрену және төтенше жағдайларда қалай әрекет ету керектігін білу – әрбір адамның маңызды міндеті.

Scanned with CamScanner







Scanned with CamScanner








Scanned with CamScanner

**Бекітемін**__________
**МКҚК №1 "Күншуақ"**
**бөбекжай-балабақшасы**
**Әдіскер: Асанова Л.М**

# «Тәуелсіздік тұғырым»

## Іс-шара

**"Көбелек" ересек топ**

**Тәрбиешілер: Қыдыралы Л.Т**
**Рысқұлова Б.Р**

**2025-2026 оқу жылы**

Scanned with CamScanner

**«Тәуелсіздік тұғырым»**

**Мақсаты:**

1) Балаларға тәуелсіз мемлекет туралы түсінік беру балалардың Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Қазақстан Республикасының мемлекетік рәміздері: Елтаңба, ту, әнұран туралы білімдерін қалыптастыру. Отан туралы тақпақ. Мақал-мәтелді жатқа айтуға үйрету. Патриоттық сезімге баулу.

2) Балалардың тіл байлығын ой-өрісін, сөзді байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту.

3) Елімізді, жерімізді қадірлеуге, сүюге тәрбиелеу.

***Бекболат Тілеухановтың «Елім менің» әнімен балалар залға кіреді.***

**Тәрбиеші:** Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар!

**«Тәуелсіздік-тұғырым» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!**

Барша халық таныған,
Біздің үміт тілекті.
Шырқалғанда әнұран,
Шаттық кернер жүректі.

**- Әнұранды орындау.**

**Тәрбиеші:** Балалар, біздің Отанымыз қалай аталады?

**Балалар:** Қазақстан республикасы.

**Тәрбиеші:** Қазақстан қандай мемлекет?

**Балалар:** Қазақстан тәуелсіз, егеменді мемлекет.

**Тәрбиеші:** Еліміздің елордасы қай қала?

**Балалар:** Астана.

Жақсы балалар.

Қазақстан Жоғары кеңесі 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстанды тәуелсіз мемлекет деп жариялады. Бұл күн — Қазақстан тарихында «Тәуелсіз Қазақстан Республикасының туған күні» деп алтын әріптермен жазылды. Бұл республиканың барлық халықтары үшін маңызды тарихи оқиға болды.

**Тәрбиеші:** Мұз жастанып азаматтық жолында,
Тәуелсіздік туы тұрды қолында.
Жеңіп шықты, бас имеді, қасарып
Сойыл таяқ ойнаса да жолында
Желтоқсан-ау, ұмтылмайсың жүректе
Ұрпақ өсер айналатын тірекке
Егемендік тиді міне еншіме
Желтоқсаным, жеткіздің ақ тілекке.

Біздің Отанымыз Қазақстан - тәуелсіз, егеменді мемлекет.

Тәуелсіздік үшін қаншама азаматтарымыз, ардақты ағаларымыз, ақылды жастарымыз ғұмырларын күреске арнап Тәуелсіздік жолында құрбан болған Ләззат, Сабира, Ербол, Қайрат есімді азаматтарымыздың рухына бас иіп орнымыздан тұрып 1 минут еске алайық!

Олардың аңсаған армандарымен үміт тілектері бұл күнде толық жүзеге асты. Қазақ елі тәуелсіздігін алды. Туымыз асқақтап желбіреп тұр.

**Тәрбиеші:** Бақытым Республикам Қазақстан
Көгінде ақ көгершін, қаздар ұшқан
Соған жетпес құшағы әлемнің де
Қыс болса бір шетінде жаз ауысқан.

Балалар Отан туралы тақпақтарымызды айтайық.

**Алдияр:**

**Мұқағали Мақатаев «Отан»**

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем,
Мен оның қасиетті тілін сүйем,
Мен оның құдіретті үнін сүйем.
Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,
Бәрі маған: "Отан!",
Жаным менің, кеудемді жарып шық та,

Scanned with CamScanner

Бозторғайы бол оның шырылдаған!
Отан! Отан! Бәрінен биік екен.
Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.
**Айшабибі:**
Отан деген берекелі отбасы,
Сүйер оны адамзаттың баршасы.
Мен бақытты бүлдіршінмін бүгінде,
Жоқ қой оған ешкімнің де таласы.
Бұның бәрі татулықтың арқасы,
Тәуелсіздік – елдігімнің бастауы.
**Тәрбиеші: Топ балаларының қасық көмегімен күй күмбірін қабыл алыңыздар!**
**Тәрбиеші:**
Кең байтақ көз жетпейтін жерім менің,
Таулы орман, жасыл жайлау көлім менің,
Бүгінде бар әлемге даңқың жеткен
Тәуелсіз Қазақстан елім менің.
**Тәуелсіздік туралы тақпақтарын айтады,**
**Арсен:**
Құтты болсын Тәуелсіздік мерекесі,
Мықты болсын елімнің керегесі.
Тату-тәтті болсын халқымыз әрқашан,
Кетпесін туған жердің берекесі.
**Іңкәр:**
Тәуелсіздік ел мұраты,
Жас ұрпақтың болашағы
Ұялатып берік сенім,
Бағымызға жол ашады.
**Тәрбиеші:** Тәуелсіздігіміз мәңгілік болғай.
Өзіміздің жеріміз, еліміз, теңгеміз бар 2. Туымыз, Елтаңба, Әнұран теңіміз бар. Осы елімізді, жерімізді басқарып отырған ел басымыз бар.
Теңесер көкпен төбесі
Ойының биік өресі
Емендей өзі жігерлі
Қайратты қайсар Ер осы!
**Ерасыл:**
Бабамның да арманы осы еді ғой аңсаған,
Тәуелсіздік таңдары бақ береді баршаға.
Көк туымды қолыма бүгін берік ұстадым,
Түсті бақыт жолыма – менің Қазақстаным!
**Ақтөре:**
Он алтыншы желтоқсан – тәуелсіздік алған күн,
Мерекені ел күткен, атамменен барғанмын.
Мерекеге ел тосқан
Шырқатып ән салған күн
**Аягөз:**
Мерекеге шығады
Бүкіл халық, біліп қой,
Отандастар ұғады,
Тәуелсіздік – ұлық той.
**Ескендір:**
Тәуелсіздік еліміз,
Қуаныштымыз күнде біз,
Ата-бабам қалдырған,
Қазақпыз біз батырымыз!
**Тәрбиеші:**

Scanned with CamScanner

Қазақстан – атамекен, құт қонған жер,
Кең дала, суы мөлдір, нұр төгілген жер
Көкорай белестері мақпал кілем
Қырлары қызғалдағы құлпырған жер.
**«Отан ана»** әні топ балаларының орындауында қабыл алыңыздар.
**Тәрбиеші:** Міне, балалар, бүгінгі таңда Қазақстан тәуелсіз мемлекет. Біздің өзіміздің туымыз, елтаңбамыз, әнұранымыз бар. Егеменді Қазақстан мемлекетіміз. Сендер Отанымыздың ұрпақтарысыңдар. Жақсы оқып,үлгілі, тәртіпті болыңдар. Өз елің мен жеріңді көркейтіп, қазақстанның намысын қорғайтын келешек ұрпақтың ақылшысы, тірегі сендер болмақсыңдар.
**Тәрбиеші:** Құрметті қонақтар,Тәуелсіздік мерекесі құтты болсын, еліміз-аман, жұртымыз тыныш болсын, еліміздің мықты азаматы болыңдар балалар. ***«Тәуелсіздік тұғырым»*** атты ертеңгілігімізді тамашалағандарыңызға рахмет!

Scanned with CamScanner



Scanned with CamScanner



Scanned with CamScanner

**Бекітемін**________
**МКҚК №1 "Күншуақ"**
**бөбекжай-балабақшасы**
**Әдіскер: Асанова Л.М**

# «Қауіпсіздік ережелері»
## түсіндірме
### "Көбелек" ересек топ

**Тәрбиешілер: Қыдыралы Л.Т**
**Рысқұлова Б.Р**

**2025-2026 оқу жылы**

Scanned with CamScanner

**Жол тәртібін білейік, аман - есен жүрейік"**

**Мақсаты:**Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру, еске сақтауға үйрету, жол қауіпсіздігін, өз өмірлерін сақтай білуге тәрбиелеу. Жол белгілерін айыра білу дағдыларын қалыптастыру, жол ережесін білудің маңызды екенін түсіндіру.

**Көрнекілік:**

«Жол тәртібін білейік, аман – есен жүрейік» слайд, жол ережесі туралы суреттер, сызылған жол, бағдаршам, жол белгілерінің макеттері, балалар суреттер көрмесі.

**Өтілу барысы:**

**Шаттық шеңбері**:

Қуан, шаттан, алақай!
Қуанатын күн келді.
Күліп шықты күн бүгін
Қайырлы таң! Қайырлы күн!

Құрметті балалар, біз бүгін жолда жүру ережесін қаншалықты білеміз, жол белгілерін айыра аламыз ба, өз өміріміздің қауіпсіздігін сақтай аламыз ба осы тақырыпта ой бөлісеміз.

**Тәрбиеші:**

Жалғайтын достастырып бар елменен
Жолдардан тұрады ғой әлем деген
Бүгінгі бізге келген қонақтармен
Ойынымыз басталсын сәлемменен
Сәлеметсізбе! Здравствуйте!

Тәрбиеші: (Сұрақ – жауап)

-Балалар сендер күнде қайда келесіңдер? - Балабақшаға келеміз.
- Балабақшамыздың аты қалай? - «Балерке» балабақшасы
- Қай топқа келесіңдер? - «Күншуақ» тобына
- Балалар, ата - анамыз күнде қайда барады? - Жұмысқа барады
- Олар немен жүреді? - Машинамен, көлікпен
- Көліктер не үшін қажет? - Керекті жерге жету үшін.

(балалардың жауаптарын тыңдау)

Бүгінгі «Жол тәртібін білейік, аман - есен жүрейік» атты ойын - сауығымызға **автоинспектор** келіп отыр. Сөз кезегін берейік.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Мен сендерге жұмбақ жасырайын
«Үш көзі бар қаз - қатар
Кезек - кезек ашады
Үшеуінен байқасам
Үш түсті нұр шашады.»

**Тәрбиеші**:

- Біздің балалар көліктер туралы көп мағлұмат біледі.

*Жер көлігі, Су көлігі, әуе көлігі, темір жол көліктері* жайлы мағлұмат беру.

Автоинспектор:

- Әр түрлі көліктер жайлы білгендерің жақсы екен, балалар сонымен қатар жол ережесін де білулерің керек. Кәне таныс болайық. *Жол белгілерімен танысу.*
- Балалар сендер бұл белгілерді біліп жүріңдер. Ал, енді қауіпсіздік ережелерін есімізге сақтайық*(слайд арқылы көрсету)*

1. Жолдан жаяу жүргіншілерге арналған жерден өт
2. Жолдан өтерде алдымен солға ал бөлгіш жолақтан кейін оңға қара

Scanned with CamScanner

3. Жолдан бағдаршамның жасыл түсі жанғанда ғана өт
4. Егер, жаяу жүргіншілрге арналған жол болмаса жаяу жүргінші жолдың шетімен қозғалысқа карсы жолмен жүруге тиісті.
5. Жолдың машина жүретін бөлігінде ойнауға болмайды.
6. Келе жатқан машина алдынан жолды кесіп жүгірме.
7. Машинадан түскенде артынан айналып өту керек.
- Ал, балалар бағдаршамның үш көзі туралы айтып беріңдерші
(Слайд көрсетіледі) БАҒДАРШАМ
Елдана:
- Бір көзім «кідір» дейді,
- Бір көзім «жүгір» дейді,
- Бір көзім «абайла» дейді,
Карап ал маңайға дейді.
Бағдаршам: Бексұлтан:
Қызыл көзін ашқанда,
Сынық сүйем баспа алға.
Сары көзін ашқанда,
Қарап қалма аспанға.
Жасыл көзін ашқанда,
Жүре бергін жасқанба.
***Сергіту сәті:***
Ал қазір **«Жолдан дұрыс өт»** ойынын ойнайық. Балалармен бірге ойналады.
Ойын шарты:
Жол инспекторы Қызыл түс көрсеткенде тұрамыз, сары түсті көрсеткенде шапалақтаймыз, жасыл түсті көрсеткенде жүреміз.
Жарайсыңдар, балалар! Бәрің де жолдан дұрыс өттіңдер! Жолда үнемі осы жүргіншілерге арналған жол арқылы жүріп, жол ережесін есте ұстаңдар.
Ендеше біз ойынымызды әнмен аяқтайық.
«Әркашан күн сөнбесін!»
**Жол инспекторы**: Рахмет, жарайсыңдар, балалар! Сендер үшін қуаныштымын. Көше тәртібін қарау үшін қызметіме кеттім. Сау болыңдар, балалар.
**Тәрбиеші:**
**Қорытынды:** Айналайын абайла,
Жан-жағыңа қарайла.
Жолда-жүру ережесін
Есте сақта қалайда!
Міне, балалар, біз сендермен жолда қалай жүру керек екенін білеміз. Жол ережесін әркашан есте сақтау керек. Жол ережесін жақсы білсек өзімізді жол апатынан сақтаймыз.
Ал енді осы ережелерді әркашан орындап, аман болайық!

Scanned with CamScanner







Scanned with CamScanner

**Бекітемін** ____________
**МКҚК №1 "Күншуақ"**
**бөбекжай-балабақшасы**
**Әдіскер: Асанова Л.М**

# «Жасыл шырша жанында»
## мерекелік ертеңгілік
### "Көбелек" ересек топ

**Тәрбиешілер: Қыдыралы Л.Т**
**Рысқұлова Б.Р**

**2025-2026 оқу жылы**

Scanned with CamScanner

**«Қош келдің, Жаңа жыл» 2025 жылдың балаларға арналған ертеңгілігі**
Әуенмен балалар кіреді.
**Жүргізуші: Даламызға,қаламызға**
Жаңа жыл кіріп келеді
Қартыңызға,балаңызға
Жалынды сәлем береді
Тыңдаңыздар,тыңдаңыздар,
Таңырқанып тұрмаңыздар
Сәнді шырша шақырады.
Шырша жырын жырлаңыздар.
Келіңіздер,келіңіздер,
Би де билеп беріңіздер.
Қызығы мол жаңа жылдың
Тамашасын көріңіздер
**Жүргізуші:** Құрметті балалар, ата - аналар, ұстаздар, қонақтар. Жаңа жыл мерекесіне арналған
«Қош келдің, Жаңа жыл» атты кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер.
**Қар ханшайымы::** Армысыздар, Халайық!
**Қар ханшайымы:** Сендермен кездескендерімізге өте қуаныштымыз. Біз бүгін жаңа жылдық мерекені тойлағалы отырмыз.
**Қар ханшайымы:** Біз мұнда жай отыру үшін емес, ән айтып, би билеуге келдік. Сондықтан көңіл көтерейік.
**Жүргізуші;** Бұрыннан болған екен Аяз ата
Тосады екен балалар қысқы уақытта
Ақшақарды қасына ертіп алып
Жер бетін шарлайды екен дамыл таппай
**Жүргізуші:** Бәріміз қосылып бар дауысымызбен Аяз ата мен Ақшақарды ортаға шақырайық.
**Қар ханшайымы:** Кәне бәріміз қол шапалақтап қарсы алайық!
(Аяз ата ақшақарымен бірге кіріп келеді.)
**Аяз Ата:** Аяулы ата - аналар, ардақты ұл қыздарға
Бүлдіршін балаларға бір сәлем!
Қандай жарқын жүздерің,
Қандай әсем жырларың
Асулармен алысқан,
Асау желмен жарысқан
Аталарың сендерге
Шаршап келді алыстан
(Балалармен амандасады.)
**Ақшақар;** Амансыздар ма, балалар,ата - аналар. Өздеріңді сағынып келдік, жаңа жылдарыңыз құтты болсын, жаңа жылымыз табысты жыл, береке, бірлік әкелсін деп, тарих жыл болсын деймін.
**Ақшақар;** Аяз ата қарашы, балалардың киімі қандай әдемі. Шырша да әсем безендірілген екен. Бәрі де сұлуланып кетіпті.
(ескі жыл шығады,)
**Жылан жылы:** Мен ескі жылмын сіздерге молшылық, бақыт әкелдім. Мына келер жылға айтар тілегім.
Қуанышты ортамыз сазға ұласқан
Тілегім болсын мәңгі ашық аспан
2026 жыл қадам басқан
Гүлденіп көркейе бер Қазақстаным.
Келесі жыл бастауын Жылқыға беремін
(Сахнаға Жылқы шығады)
**Жылқы:** Сәлеметсіздер ме, кешіккен жоқпын ба, мен сондай асықтым, сондай жүгірдім, кешігем деп қатты қорықтым, уақытында жеттім бе?
**Жылан жылы:**

Scanned with CamScanner

Мен тағы бір қонақпын
Он екі жылда оралар
Үлкендерге ақ ниет
Сіздерге де ақниет
Сіздерге де мың рахмет.
Барлығы: Қош бол, жылан, қош бол.
**Би : Кобвойский ұлдардың биі**
**Ақшақар**: Қош келдің жаңа жыл.
**Аяз Ата**: Ал айналайын жаңа жыл, келген қадамыңа нұр бітсін. Мынау менің ұлдарыммен қыздарым, мынау халқым саған аманат. Он екі ай бойы бағып қағу сенің мойныңда. Жақсы жыл бол, жаңа жыл.
Жылқы: Құрметтеріңізге рахмет. Шын көңілмен жаңа жылдарыңызбен құттықтаймын. Байқаймын барлықтарыңыз да мерекеге жақсы дайындалыпсыздар.
**Жүргізуші**: Иә, барша балалар жаңа жылды қарсы алуға келіп тұр.
**Аяз ата**: Ал енді біз келместен бұрын бүлдіршіндеріміз бізге тағы не әзірледі екен соны көрейік.
**Ән: Келді міне Жаңа жыл!**
**Жүргізуші**: Қане балалар Аязатамызды ортаға алып өзіміздің дайындаған тақпақтарымызды айтайық.
Абай Құнанбайұлы «Қыс» өлеңі

**Ескендір**: Ақ киімді денелі ақсақалды,
Соқыр мылқау танымас тірі жанды
Үсті басты ақ қырау
Басқан жері сықырлап, келіп қалды.

**Іңкәр**: Жаңа жыл Жаңа жыл
Жаңа жылға жаңа жыр
Жасыл шырша жанында
Билеп барлық бала жүр

**Юсуф**: Жаңа жылым мол болсын
Басқан қадам оң болсын
Төрле Төрле Жаңа жыл
Бізге құтты жыл болсын

**Мирон**: Сегодня день чудесный
Сегодня Новый год!
И елочка нарядная
И Дед Мороз придет
Подарит нам подарки
А мы ему – стихи
С снегурочкой у елочки
Сыграем мы в снежки

**Ақсұлу**: Жаңа жыл келгенде
Қуанып қарсы аламыз
Аяз ата келгенде
Билейміз, ән саламыз

**Бибіару**: Тамаша, тамаша!
Шыршамыз тұр жараса
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса

Scanned with CamScanner

**С.Абдурахман:** У елочки нашей
Прекрасный наряд
Шарики, бусы
Повсюду висят
Звездочка светит
Елочка наша
Всех удивит!

**Ойын:** «Шапшаң сыйлық ал

**Жылқы:** Жарайсыңдар балалар Мен секілді шапшаң екенсіңдер..

**Арсен:** Здравствуй, Дедушка Мороз!
Волшебство ты нам принес
Самый добрый ты на свете
Самый лучший на планете!
Очень любишь ты детишек
Даже маленьких плутишек
Всех-всех-всех ты удивляешь
С новым годом поздравляешь

**Айшабибі:** Ақ қырауға малынған
Сақалы да, мұрты да
Аяз ата сағынған
Сәлем берді жұртына

**Назар:** Хорошо нам Новый год
Елка,песни, хоровод»
Я люблю его встречать
И подарки получать

**Терентий:** Елочка – красавица
Деткам очень нравится
Огоньки на ней блестят
Сказку подарить хотят
Новый год стучит в окошко,
Ждать еще чуть-чуть немножко
Пусть нам этот Новый год
Много счачтья принесет.

**Аягөз:** Әдемілеп біз ілген
Ойыншықтар тізілген
Қандай әсем шыршамыз
Ән шырқайық баршамыз.

**Марк:** Новый год я обожаю
С радостью его встречаю
Елка с мамой наряжаю
А еще стихи читаю

**Харитон:** Новый, новый, новый год!
Этот праздник каждый ждет
Этот праздник жду и я
Мама, папа, вся семья.

Scanned with CamScanner

**Жүргізуші:** Аяз ата Ақшақар біздің қыздарымызда құр қол емес, тамаша билерін қарсы алаңыздар.
**Би: «Испан биі»**

**Ойын: «Кім жылдам» ата анамен ойын**

**Қымбат:** Елка нарядилась ярко
Дед Мороз, а где подарки
Ведь ребенок каждый ждет
Свой подарок в Новыйй год.

**Алдияр:** О Алақай, Аяз ата
Келе жатыр алыстан
Кел, билейік үйренейік
Ол келгенше Жаңа жыл
Құтты болсын, құтты болсын
Құтты болсын Жаңа жыл

**А.Абдурахман:** Жапалақтап ақша қар
Жауды күнде қайталап
Қырға шықты балалар
Шаңғыларын арқалап

**Полина:** Праздничный волшебник
Добрый Дед мороз
Из лесу нам елочку
Лучшую принес
Мы нарядили веточки
Встанем в хоровод
И все рады деточки
В этот Новый Год!

**Ерасыл:** Безендіріп шыршаны
Жыл қуантты баршаны
Той-маскарад басталды
Аяз оны басқарды.

**Ева:** Самый лучший праздник
Это Новый год
И мешок подарков
Дед Мороз несет.

**Ақтөре:** Аппақ тонға оранып
Базарлықты мол алып
Келді алыс сапардан
Аяз ата оралып.

**Ибрахим:** Жылдың әнін бастайық
Аяз ата кеп қалды
Майысады жас қайың
Көтере алмай кеп қарды.

**Ойын: Аялдама ойын**

**Ән: Новый год!**

**Аязата: Жаңа жылдарыңызбен достар, шанамызға мінейік, ақшақарым, басқа да балалар күтіп отыр**
**Ақшақар: Жаңа жылда сіздердің барлығыңызға жақсылық тілеймін.**
**Барлығы: Қош бол, Аязата, Ақшақар, Аязата ақшақар......**
**Қар ханшайымы: Міне, қымбатты балалар, бірлесіп, достасып өткізген мереке қашанда қуанышты өтеді. Аспанымызды бұлт торламасын. Көктегі күніміз сөнбесін. Сау болыңдар балалар!**
**Жүргізуші: Жаңа жылдарыңыз тағы да құтты болсын.**











Scanned with CamScanner

# №2 АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

**Жас тобы:**№1 "Күншуақ" бөбекжай-балабақшасы "Көбелек" ересек тобы
**Оқужылы**: 2025-2026 оқу жылы
**Өткізілген күні**: 20.02.2026 жыл
**Өткізілетін орны**: Музыка залы
**Жиналысқа қатысушылар саны**: 12 адам
**Шақырылғандар**: Т.А.Ә. №1 "Күншуақ" бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі Барикова Г.Ж Әдіскері Асанова Л.М
**Жиналыстың тақырыбы:** ««Отбасы-тәрбиенің алтын бесігі»
**Өткізуформасы:**тренинг,ойындар
**Мақсаты**: Баланың дамуына және жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін ата-ана тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін жетілдіру, тиімді қарым-қатынас орнату.
**Міндеті**: Ата-аналардың балабақшамен, тәрбиешілермен тығыз байланысын арттыру, балаларын білімге, сүйіспеншілікке, мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсету.

## КҮН ТӘРТІБІ

1. "Әріптер"тренинг жауапты тәрбиешілер Қыдыралы Л.Т. Рысқұлова Б.Е.
2. 2025-2026 жылғы оқу жылының жарты жылдың жұмыстарымен баяндама Қыдыралы Л.Т Рысқұлова Б.Е.
3. " Қызықты сұрақтар"жауапты тәрбиеші Қыдыралы Л.Т
4. "Жүрек мозайка" топтық жұмыс Рысқұлова Б.Е. Қыдыралы Л.Т
5. " Жылулық май шамы" тренинг жауапты тәрбиешілер Қыдыралы Л.Т. Рысқұлова Б.Е.

## БАРЫСЫ

1. Тәрбиешілер алдын-ала дайындалған әріптер арқылы ата-аналарға өз балаларының есімдерінен басталатын әріптерді алып өз балаларын еркелеп жылы сөздр айтты.

2. 2025-2026 оқу жылына "Көбелек" ересек тобының тәрбиешісі Қыдыралы Л.Т. баяндама оқыды.Баяндама барысында ата-аналарға «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР ОАМ 14.10.2022 №422-бұйрығының негізінде балаларды тәрбиелеудегі нысаналы тәсілдерге баса назар аударылғаны айтылды.

Бағдарламаның міндеті бес дағды бойынша жүргізіледі (1. Физикалық даму. 2. Қарым-қатынас дағдыларын дамыту. 3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту. 4. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту. 5. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.)

Баяндамада балабақшадағы күн режимі балалардың қажеттіліктері ескерілген, дербес іс-әрекеттер, ойындар (оның ішінде халық ойындары, зерттеу ойындары), жаттығулар мұқият жоспарланған режим түрінде құрылғаны, тұрақты тамақтану, ұйықтау және демалу, физикалық белсенділік сияқты жүйелік аспектілер атап өтілді. Сонымен бірге күн тәртібінің психологиялық маңыздылығына, қауіпсіздік сезімін, дербестік пен тәртіп үшін жағдай жасауға, әлеуметтік дағдыларды дамытуға назар аударылды. Ата-аналарға күн тәртібін сақтау бойынша ұсыныстар айтылды: бұл әдеттегі тәртіпті сақтау, қызығушылық таныту, дербестікті дамыту, уақытты бірге өткізу.

Сонымен қатар "Көбелек" ересек тобының ҮІӨ және күн тәртібі таныстырылып, "Адал азамат" біртұтас тәрбие бағдарламасы және де балабақшада "Аналар мектебі", "Әкелер мектебі", "Әжелер мектебі" ұйымдастыру бойынша ата-аналарға хабардар етілді. Тобымызға "Аналар мектебін" ұйымдастыру жұмыстары берілді.

«Аналар мектебінің» негізгі міндеттері таныстырылды:

Scanned with CamScanner

- отбасына баланы тәрбиелеу мәселелері бойынша көмек көрсету;
- ата-аналардың (заңды өкілдердің) педагогикалық білімдерін кеңейту;
- отбасылық тәрбиенің озық тәжірибесін насихаттау;
- барлық отбасы мүшелерін МДҰ-ның қызметіне белсенді қатысуға және мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуге тарту;
- педагогикалық тәжірибе алмасу, ұлттық салт-дәстүрлер негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу;
- отбасында және МДҰ-да тәрбиелеу әдістері мен тәсілдерінің біріздiлігін қамтамасыз ету, ұрпақтар сабақтастығын сақтау және нығайту;
- аға буынға құрмет көрсетуге тәрбиелеу.

Жарты жылдағы балалардың деңгейлерімен бөлісіп толықтай ақпаратпен толық баяндаманы аяқтай келе тәрбиеші Қыдыралы Л.Т. ата-аналарды бірлесіп, жауапкершілікпен жұмыс жасауға шақырды.

3. Ата-аналарға арналған қызықты сұрақтар ойыны ойнатылды. Тәрбиеші Рысқұлова Б.Е. үстел үстіндегі жүрекшелер артында жасырынған сандарды ата-аналарға таңдатып, сандармен сәйкестендірілген сұрақтарын қойды.

Сұрақтар:

1. Балаңызды еркелеткенде қандай сөз пайдаланасыз?
2. Балаңыздың сүйікті асы қандай?
3. Балаңыздың ең жақын досы?
4. Балаңыздың туылған күні?
5. Балаңыз қандай түсті жақсы көреді?
6. Балаңыз ата-анасының қайсысымен ашық сөйлеседі?
7. Балаңызға ашуланғанда ең алдымен аузыңызға қандай сөз түседі?
8. Балаңыздың тәрбиешілердің толық аты-жөні?
9. Балаңыз балабақшаға қандай көңіл- күймен келеді?
10. Балаңыздың жақсы қасиеті?

Ата-аналар белсене ат салысып, балаларына қатысты сұрақтарға қызықтыда, көңілді жауап берді.

4. Ата-аналарға сергіту сәттін сыйлау үшін топтық жұмыс ойнатылды. Тәрбиеші Рысқұлова Б.Е. үстел үстініне үлкен "Жүрек мозайка" алып келді. Ата-аналарға қаламда тұрған жіптерді ұстау арқылы мозайканы сызба арқылы сәйкестендіріп бірлесе жұмыс жасауға ықпалдандырылды Рысқұлова Б.Е. Қыдыралы Л.Т

5. Ата-аналарды шеңберге шақырып " Жылулық май шамы" тренинг ұйымдастырылды тәрбиешілер Қыдыралы Л.Т. Рысқұлова Б.Е. Әрбір ата-ана "Жылулық май шамын" қолына ұстап тұрып өзінің ыстық жылы лебіздерін барлық ата-аналар білдірді. Тәрбиешілер жасалған жұмыстың балалар киіну бөлмесінде ілінетінін айтты.

## №2 АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ШЕШІМДЕРІ

- ҚР ОАМ 14.10.2022 №422-бұйрығының сәйкес ересек топта мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын іске асырудың шарты ретінде балаларды тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттерін орындау өзекті және міндетті деп есептелсін.
- Балабақшадағы күн тәртібін балалардың психологиялық, физикалық, әлеуметтік қауіпсіздігі, белсенділігі, дамуы үшін негіз ретінде есептелсін, отбасындағы күн тәртібін балабақшадағы режимге ыңғайластырсын, «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік ережелері», «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдары педагогтерінің жүргізуі міндетті құжаттар тізбесі», МДҰ-ның ішкі тәртіп ережелерін, мамандардың ұсынымдары сияқты құжаттардың негізінде "Көбелек" ересек тобында режим міндетті түрде орындалсын.

Scanned with CamScanner

- 2025- 2026 оқу жылына "Көбелек" ересек тобының ата-аналар комитеті мына құрамда бекітілсін: ата-аналар комитетінің төрағасы - Курганбекова Назгуль; ата-аналар комитетінің мүшелері - Скала Элинора Александровна, ПрянишниковаАлександра;

Ата-аналаржиналысыөткізілгенкүні: 20.02.2026 жыл

Ата-аналар комитетінің төрағасы (Т.А.Ә.) Курганбекова Н

(Қолы) ____________

Хатшы (Т.А.Ә.) ____________

(Қолы) ____________

Scanned with CamScanner


















Scanned with
CamScanner

Бекітемін ________
МКҚК №1 "Күншуақ"
бөбекжай-балабақшасы
Әдіскер: Асанова Л.М

# «Ойыншықтарды қауіпсіз пайдалану ережелері»

## түсіндірме

**"Көбелек" ересек топ**

**Тәрбиешілер: Қыдыралы Л.Т**
**Рысқұлова Б.Р**

**2025-2026 оқу жылы**

Scanned with CamScanner

Балаға ойыншық сатып алған кезде ата-аналар қауіпсіздікті естен шығармауы тиіс.

- **Ойыншықтар жасалатын материалдар пайдалануға рұқсат етілуі тиіс**, модельді ортаға зиян химиялық заттардың миграциялануының көзі болмау керек.
- **Ойыншықтардың қорғаныс-декоративті жабыны ылғалды өңдеуге, сілекей мен тердің әсеріне тұрақты болуы қажет.**
- **Ойыншық бөлшектері функционалды механикалық ауыртпалықтарға төзімді болуы керек.** Ойыншықтың жиектері,өткір ұштары, баулары, арқандары мен бекіткіштері балаға зақым келтіру қаупін тудырмауы қажет.
- **Ойыншықтар өрт және жарылысқа қауіпсіз болуы шарт.**

Балаларға арналған өнімдер уақыт өте келе улы заттарды түзе отырып ыдырамайтын материалдардан жасалуы керек (мысалы,металл бөлшектерінің қышқылдануынан). Құрамында ауыр металдар — кадмий, қорғасын, сынап аз мөлшерде ғана болуы керек.
Қазақстанның сауда нүктелерінде сатылатын ойыншықтарда өндіруші мемлекетіне қарамастан, жүргізілген зерттеулерге негізделген сәйкестік сертификаттары, яғни олардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаты болуы керек.

Scanned with CamScanner







Scanned with
CamScanner

№2 Ата-аналар жиналысының хаттамасы

Жас тобы: №1 "Жұлдыз" бөбекжай-балабақшасы Көбелек ересек тобы

Оқу жылы: 2025-2026ж

Өткізілген күні: 20.02.2026ж

Өткізілетін орны: Музыка залы

Жиналысқа қатысқандар саны: 12 адам

Шақырылғандар: Т.А.Ә. №1 "Жұлдыз" б/б меңгерушісі Бақенова Г.Н. Әдіскері Асанова Л.М.

Жиналыстың тақырыбы: "Отбасы - тәрбиенің алтын бесігі"

Өткізу формасы: тренинг, ойындар

Мақсаты: Баланың дамуына жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін ата-ана тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін жетілдіру, тиімді қарым-қатынас орнату.

Міндеті: Ата-аналардың балабақшамен тәрбиешілермен тығыз байланысын арттыру, балаларын білімге, сүйіспеншілікке, мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсету.

Күн тәртібі

1. "Әріптер" тренинг тәрбиешілер жауапты Ондарова Л.Т. Кенжалова Б.Е.

2. 2025-2026 жылғы оқу жылының жарты жылдың қорытындысымен баяндама Кудирова Л.П Расулова Б.С

3. „Қызықты сұрақтар" ойыны тәрбиеші Кудирова Л.

4. „Жүрек мозайка" тақтасы жасау Расулова Б.С

5. „Ойлының ой шолу" тренинг жүргізу тәрбиешілер Кудирова Л.П, Расулова Б.С

Барысы

1. Тәрбиешілер алдын-ала дайындалған әріптер арқылы ата-аналарға өз балаларының есімдерінен басталған әріптерді алып өз балаларын еркелеткен жылы сөздерін айтты.

2. 2025-2026 оқу жылына Көбелек ересек тобының тәрбиешісі Кудирова Л.П баяндама оқыды. Баяндама бойынша ата-аналарға „Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" ҚРОАМ 14.10.2022 №412 -бұйрығының негізінде балаларды тәрбиелеудегі [illegible] бес [illegible] айтылды.
Бағдарламаның міндеті бес бағыт бойынша жүргізіледі.

Баяндамада балабақшадағы күн режимі балалардың қажеттілігі ескерілген, дербес іс-әрекеттері, ойындар (оның ішінде қимыл ойындар, шығармашылық ойындар) қажеттіліктер мерзімі жоспарланған режим түрінде құрылады, күндізгі ұйқыны ұйымдастыру және дененің физикалық белсенділік сияқты түрлі аспектілер атап өтілді. Сонымен бірге күн тәртібінің сақтау бойынша ұсыныстар айтылды: Бұл әдеттегі тәртіпті сақтау қызығушылығын тану, дербестікті дамыту, уақытты бірге өткізу.

Сонымен қатар „Көбелек" ересек тобының ҚТЗ және күн тәртібі қағидаларын, „Адал азамат" біртұтас тәрбие бағдарламасы және де балабақшада „Аналар мектебі", „Әкелер мектебі", „Әжелер мектебі" ұйымдастыру бойынша ата-аналарға хабардар етілді. Тобымызға „Аналар мектебін" ұйымдастыру ұсыныстары берілді.
„Аналар мектебінің" негізгі міндеттері таныстырылды!

— отбасына баланы тәрбиелеу мәселелері бойынша көмек көрсету;
— ата-аналардың (заңды өкілдерінің) педагогикалық білімдерін көтеру
— отбасының тәрбиенің оң тәжірибесін насихаттау;
— бірлік отбасы мүшелерін МДҰ-ның қызметіне белсенді қатысуға және мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеуге тарту;
— педагогикалық тәжірибе алмасу, ұлттық салт-дәстүрлер негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу.
— отбасында және МДҰ-да тәрбиелеу әдістері мен тәсілдерінің біріздігін қамтамасыз ету; ұрпақтар сабақтастығын сақтау және нығайту;
— аға буынға құрмет көрсетуге тәрбиелеу.
Жарты жылдағы балалардың деңгейлерінің өсуін толықтай аңғарылмаған терең баяндамасын айтпай кейін тәрбиеші Кудирова Л.П ата-аналарды бірлесіп, жауапкершілікпен жұмыс жасауға шақырды.

Scanned with CamScanner

3. Ата-аналарға арналған қызықты сұрақтар ойыны ойналады. Тәрбиеші Рисқұлова Б.Е. үстел үстіндегі жүректер арасында таратылған сандарды ата-аналарға таңдатып, сандармен сәйкестендірілген сұрақтарын қойды.

Сұрақтар:

1. Балаңызды еркелеткенде қандай сөз пайдаланасыз?

2. Балаңыздың сүйікті асы қандай?

3. Балаңыздың ең жақын досы?

4. Балаңыз қандай түсті жақсы көреді?

5. Балаңыздың жақсы қасиеті?

6. Балаңыз балабақшаға қандай көңіл-күймен келеді?

Ата-аналар белсене ат салысып, балаларына қатысты сұрақтарға қызықты да, көңілді жауап берді.

4. Ата-аналарға серіктестік сәтін сыйлау үшін топтың жүрегі ойналады. Тәрбиеші Рисқұлова үстел үстіне үлкен „жүрек мозайка" алып келді. Ата-аналарға қолында тұрған бөліктерді ұстау арқылы мозайканы бірге арқылы мозайканы сәйкестендіріп біреуге жүрек жасауға ұйымдастырылды Рисқұлова, Андирала

5. Ата-аналарды шеңберге шақырып „Шынайы бақ мейірім ұясы" тренинг жүргіздастырды тәрбиешілер Андирала Л.П. Рисқұлова Б.Е. Әрбір ата-ана „Бақ шұғыла" қолына ұстап тұрып өзінің отбасының жылы лебіздерін бөлісті ата-аналар білдірді. Тәрбиешілер жасалған жүректің балалар жігіну бөлмесінде ілінетінін айтты.

## №2 Ата-аналар жиналысының шешімдері

- ҚР ОАМ 14.10.2024 № 422-бұйрығының сәйкес ересек топта мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын іске асырудың шарты ретінде балаларды тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттерін айқындау өзекті және міндетті деп есептелсін

- Балабақшадағы күн тәртібін балалардың психологиялық, физикалық, зияткерлік дамуының қажеттілігі белсенділігі, қауіпсіз үшін негіз ретінде есептелсін; отбасындағы күн тәртібін балабақшадағы режимге ұқсастырсын, „Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік ережелері", мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдары педагогтерінің жүргізу міндетті құжаттар тізбесі, МДҰ-ның ішкі тәртіп ережелерін, мамандардың ұсыныстарын сақтап құжаттардың негізінде „Көбелек" ересек тобында режим міндетті түрде орындалсын.

- 2025-2026 оқу жылына Көбелек ересек тобының ата-аналар комитеті ата-аналар төрағасы Құрманбекова Назым, мүшелері Сәуле Жманова, Тұрымжанова Анастасия

Ата-аналар жиналысы өткізілген күні: 20.01.2026ж

Ата-ана комитетінің төрағасы (ТАЭ) Құрманбекова Н [signature]

Хатшы: Андирала Л.П [signature]

Scanned with CamScanner

Бекітемін ________
МКҚК №1 "Күншуақ"
бөбекжай-балабақшасы
Әдіскер: Асанова Л.М

# «Тұмаудан сақ болайық»

## түсіндірмелік жұмыстар

### "Көбелек" ересек топ

Тәрбиешілер: Қыдыралы Л.Т
Рысқұлова Б.Р

2025-2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner

Жылдың суық мезгілі келуімен жіті респираторлық вирусты инфекциялар (ЖРВИ) мен тұмау ауруының маусымы басталады. Сондықтан ЖРВИ және тұмау ауруынан сақтана білген жөн. ЖРВИ тұмау аурушаңдығының эпидемиялық маусымы 1-ші қазаннан басталып келесі жылдың сәуір айының соңына дейін созылады.

Тұмау – бұл инфекциялық вирусты ауру, қоздырғышы А, В типтегі вирустар. Аурушаңдық науқас адамнан дені сау адамға ауа-тамшылы жолмен беріледі. Тұмауды жұқтырған уақыттан бастап клиникалық көріністерінің пайда болу мерзімі бірнеше сағаттан бірнеше күннің арасында өтеді. Тұмаудың негізгі көріністері – жалпы әлсіздік, қатты бас ауру, көз алмасын қимылдатқан уақытта ауру сезімі, қалтырау, ауру ағымына қарай дене қызуының 38-40С көтерілуі, бұлшықет пен буындардың ауру сезімі, көздің жасаурауы, мұрынның бітуі, тамақтың қышуы, тершеңдік, құрғақ жөтел. Аурудың ұзақтығы 5 күннен 10 күнге дейін созылады.

Тұмаудың салдарынан вирусты және бактериалды пневмонияға, отит, гайморит, менингит, энцефалит, сонымен қатар септикалық асқынуларға әкеліп соқтыруы мүмкін.

Тұмаудың алдын алудың ең сенімді жолы- тұмауға қарсы егу болып табылады.

**Тұмау, ЖРВИ аурушаңдығының алдын алу үшін:**

- ең бастысы, тұмау ауруының эпидемиологиялық маусымы алдында
- жыл сайын уақытылы тұмауға қарсы профилактикалық егу алу;
- әрдайым жеке бас гигиенасын сақтап, қолды әрбір іс-әрекеттен кейін, тамақтың алдында сабындап жуу;
- үйде желдету тәртібін сақтап, жиі-жиі желдетіп тұру;
- эпидемиялық кезеңде халықтың көп шоғырланған жеріне бармау, баратын жағдайда бетперде тағып, оксалин майын мұрынға жағуды ұмытпау;
- егер жанұяңызда жедел респираторлы вирусты инфекциясымен немесе тұмау ауруымен науқастанған жағдайда өз бетімен дәрі-дәрмек қолданбай, үйге жергілікті емханадан дәрігерді шақыртып, мамандырылған ем алу;
- қарым-қатынастағыларға жұқтырмау үшін бір реттік бетперде қолданып, бетпердені әр 3 сағат сайын ауыстырып отыру.

Scanned with CamScanner









Scanned with
CamScanner

# «Аппақ аққала» қысқы ойындар



Scanned with
CamScanner

# «Қыс қызығы» көрме



Scanned with CamScanner

# «Қыс мезгілінің сұлулығы» көрме



Scanned with CamScanner

«Бәйшешектер гүлденгенде» қолөнер бұйымдары



Scanned with CamScanner

Бекітемін_______

МКҚК №1 "Күншуақ"
бөбекжай-балабақшасы
Әдіскер: Асанова Л.М

# «1-наурыз Алғыс айту күні»

## ертеңгілік

### "Көбелек" ересек топ

Тәрбиешілер: Қыдыралы Л.Т
Рысқұлова Б.Р

2025-2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner

Тақырыбы: «Алғысым шексіз...»
Мақсаты: балалардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту
Міндеттері: - ризашылық пен алғыс туралы түсінік беру;
- үлкен - кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым - қатынасын дамыту;
- әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу
-"алғыс күні"ұғымының мағынасын ашу, балалардың түсіну, бұл ұғымдар маңызды болып табылады олардың әрқайсысы дамыту үшін мәдени құндылықтар мен адами қарым - қатынасын қалыптастыру;
Әдістері: сыни тұрғыдан ойлау технологиясының стратегиялары, ойын, түсіндіру, әңгімелесу.
Көрнекіліктері: түрлі – түсті қарындаштар, ребустар, түрлі – түсті қағаздар.
Барысы:
I. Ұйымдастыру
Ризашылық өлеңін оқу
Ризамын бүгінге,
Ризамын бүгінге,
Ризамын бүгінге,
Ризамын қазірге!
Ризамын, ризамын, ризамын бүгінге,
Ризамын, ризамын, ризамын қазірге.
Спасибо за сегодня
Спасибо за сегодня
Спасибо за сегодня
Спасибо за сейчас
Спасибо Спасибо Спасибо Спасибо за сегодня 2 - рет
Спасибо Спасибо Спасибо Спасибо за сейчас
Талайлы тағдырлардың басын өз шаңырағының астына біріктіріп, қанатымен су сепкен қарлығаштай, қамқорлығына алған Қазақстанда адамның адамға құрмет көрсететін күні белгіленбек. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев барлық ұлттың бір - біріне және қазақтарға алғыс айту күнін бекітуді ұсынды.
II. Кіріспе.
Тақырыптың мақсатын түсіндіру.
Әңгімелесу
Ризашылық дегеніміз не?
Алғыс дегенді қалай түсінесіңдер?
- Адам өзінің ризашылығын, алғысын қандай сөздермен білдіреді?
- Сендерге кім қандай жағдайда алғыс айтты?
- Өздерің қандай жағдайда алғыс айтып көрдіңдер?
Балалардың жауаптары тыңдалады.
III. Негізгі бөлім.
Ризашылық - адамның басқа адамнан көрген жақсылығы, көмегі, көңілі үшін қанағаттанушылық және алғыс білдірушілік сезімі.
- Алғыс – адамның адамға жасаған жақсылығы, көмегі, көңілі үшін ризашылық білдіруі, сондай - ақ оның ойы мен іс - әрекетіне, жасаған істеріне жоғары баға беруі.
Ризашылық ұғымымен тағы қандай ұғымдар байланысты? Адамдар арасындағы ынтымақты қарым - қатынастың орнауы әр адамның өзіне және қоршаған ортасына тікелей байланысты.
1 "Ризашылығымызды білдіре аламыз ба?"
1. Рахмет айту туған жерге...( ол береді маған нан, үй, азық - түлік және т. б.)
2. Рахмет айту еліміздің Президентіне, өйткені... (осындай елбасымыздың арқасында дамушы мемлекетте өмір сүріп жатқанымызға және тату - тәтті бейбітшілік өмір сүріп жатқанымызға)
3. Біз алғысымызды ата - аналарға айтқымыз келеді...
4. Рахмет айту біздің ұстаздар мен қызметкерлерге...
5. Рахмет айту адамдарға достарыңызға...
2 «Жұмбақтарды шеш»
1. Шаңырақ – күн,
Уықтары - нұр, шашқан.
Екі пырақ, көк аспанға ұласқан.
Жарқырайды темірқазық жұлдызы,
Жол көрсетіп, алға бас - деп, Қазақстан! (Елтаңба)
2. Ыстық дейді оны оттан,
Патриот оны ұнатқан.

Scanned with CamScanner

Оңбайды бұл өмірде,
Адам оны жоғалтқан. (Отан)
3. Баспана көшпендіге өте ыңғайлы,
Әдемі мекен екен, жанға жайлы.
Тентектік істеп қойсаң, әке - шешең,
Сені тағы бұрышқа қоя алмайды. (Киіз үй)
4. Егіз қайың,
Бой - бастары тең өскен.
Іске дайын,
Бұтақтары бес - бестен. (Қол)
5. Қиналмай тауларды, орманды,
Теңізді, дария, жолдарды,
Ауылды, қаланы, халықты...,
Ойлап тап, көтерген алыпты. (Жер)
Әнуарбек Дүйсенбиевтің «Не деу керек?» өлеңін оқып беру.
Анаң сенің базардан
Алма сатып әкелді.
Ең үлкенін жақсысын
Саған таңдап әперді.
Не деп барып жеу керек?
«Рахмет» деу керек.
- Балалар жүр көшеде
Естіледі айқай - шу.
Сен де шықтың көршіңді
Қағып кеттің байқамай.
Мұндайда не деу керек?
«кешіріңіз» деу керек.
- Әжең сенің түскі асқа
Қант - кәмпит салды мол.
Жұрттан бұрын ыдысқа
Өз бетіңмен салдың қол.
Жөн еді не айтқаның?
«Рұқсат па» деу керек.
- Добын апар Назардың
Деді ағаң, бармадың.
Тапжылмадың, сазардың,
Аға тілін алмадың.
Сен қай сөзді айтпадың?
«жарайды» деу керек.
Қорытындылау
- Балалар, жылы сөз, қайырымды іс, жақсы ой, кіршіксіз сезімдеріңді ешкімнен ешқашан аямаңыздар. «Рахмет» деген қасиетті сөзді жиі айтыңдар. Адам алғыс пен ризашылықты естіген сайын, жақсылық жасағысы келіп тұратынын есте сақтаңдар. Өмірдің әрбір сәтін бағалай білуге үйреніңдер және Табиғат – Анаға мейірімді күні үшін, көңілді жаңбыры мен ақ қары үшін, жұмсақ ақ ұлпа бұлты үшін, жақын адамдарға қайырымдылығы мен риясыз махаббаты үшін алғыс айтуды ұмытпаңдар.
«Күншуақ» ойынын ойнату. Әр балаға күннің шуақтарын береді. Балалар жақсы тілектерін айтып күнге жапсырады.
Бүгінгі іс - шара сендерге ұнады ма?
Осы іс – шарадан өздерің үшін қандай жаңалық аштыңдар?
Осы іс – шарадан кейін қоршаған ортаға деген көзқарастарың өзгерді ме? Өзгерсе қалай?

Scanned with CamScanner




Scanned with CamScanner

Бекітемін ____________
МКҚК №1 "Күншуақ"
бөбекжай-балабақшасы
Әдіскер: Асанова Л.М

# «8-наурыз Халықаралық әйелдер күні»

## ертеңгілік

**"Көбелек" ересек топ**

Тәрбиешілер: Қыдыралы Л.Т
Рысқұлова Б.Р

2025-2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner

**8 наурыз аналар мерекесіне арналған**
**Тақырыбы: «Әлемнің жарығы-Ана»**
**Балалар әнмен ішке кіреді.**
**Ән: «Құттықтаймын мама!»**
**Жүргізуші:** Сәлеметсіздерме қадірлі де құрметті қонақтар,аяулы аналар. Көңілдеріңізге көктем шуағындай, сезім мен нұр құйып 8-наурыз халықаралық әйелдер мерекесі де келіп жетті. Осынау көктем мерекесінің қай кезде де орны бөлек. Өйткені аналарға ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Себебі, ана өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын діңгегі. Ендеше көктемнің алғашқы күндеріне арналған «Көбелек» ересек тобының бүлдіршіндерінің дайындаған «Әлемнің жарығы - Ана» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер.
Құрметтейік, о адамдар аналарды,
Бізді өмірге әкелген даналарды.
Себебі, ана деген асыл жан ғой,
Ойлауменен істейтін әр қадамды - дей келе бүлдіршіндердің аналарға арналған тақпақтарына кезек берейік.
Тақпақтар:
Ерасыл:
Ең аяулы жанашыр жан,
Кім бар артық анашымнан.
Күнім сенсің шуақ төккен,
Қымбаттысың бар асылдан.
Жан жылуын аямаған,
Тілекшіміз сая болған.
Ардақтаймын жан анамды,
Мәпелеген, аялаған.
Бибіару:
Ана біздің күніміз
Ана біздің гүліміз
Аналардан тарайды
Біздің ана тіліміз.
Ақтөре:
Аналарды сүйеміз
Сөзін ойға түйеміз
Әжені де ардақтап
Әдеппен бас иеміз
Қымбат:
Всех бабушек и мам
Сегодня поздравляем!
Здоровья, счастья вам
И долгих лет желаем!
**Жүргізуші:** Жарайсыңдар балалар.
Балалардың бірі хат тауып алады.
**Жүргізуші:** Міне қызық? Мына хат кімнен келді екен? Кәне оқып көрейік. Сәлеметсіңдерме балақайлар! Мен көктемнің апасы, қыс ханшайымымын.
Сендер менімен бірге қыс мезгілін қызықтап, қардан аққала жасап, шанамен сырғанап көңіл көтердіңдер. Енді менің Сібір жаққа кететін уақытым болды. Ал менің сіңілім көктем аруы әлі ұйқыда жатыр. Сендер бүгінгі мерекеде ән салып, би билесеңдер сонда көктем аруы ұйқысынан оянатын болады. Көктем келген кезде айнала құлпырып, күн сәулесі мол шашып,

Scanned with CamScanner

агаштар бүршік жарып, бәйшешектер гүлдеп, құстар қайтып келетін болады. Қош сау болыңыздар. (Сәлеммен қыс ханшайымы)
Ішке әуен ырғағымен **Көктем ханшайымы** кіреді.
**Көктем ханшайымы:** Сәлем, сәлем балақайлар,
Құрметті аналар, әжелер,
Қуаныңдар алақайлап.
Құстар әнін ала келдім,
Жерге кілем жаба келдім.
Жан бітіріп табиғатқа,
Гүлдерімді ала келдім.
**Жүргізуші:** Амансыңба, Ару көктем! Ұлан- байтақ жерімізге қош келдіңіз. Шуағыңды шаттандырып, нұрыңды мол төге бер.
**Көктем ханшайымы:** Сәлеметсіңдерме балалар,мен сендерді көргеніме өте қуаныштымын. Кең даламды хош иісі мен, сұлулығымен жайнатқан менің әсем гүлдеріммен аналарымызға қуаныш сыйлап, би билеп берейік.
**Би: «Жұптық би»**
**Жүргізуші:** Дүниеде ең кемеңгер дананы,
Ана табады,аялайды бағады.
Сол үшінде құдіретіне бас иіп,
Құрметтейік қасиетті-ананы-дей отырып балаларымыздың ардақты аналарына арналған тақпақтарына берейік.
Мирон:
Мамы наши дорогие,
Наши самые родные!
Это точно знают дети:
Вы дороже всех на свете!
С праздником вас поздравляем
И от всей души желаем,
Чтоб вы чаще улыбались,
Никогда не огорчались!
Іңкар:
Әр сөзімді жаттаған,
Жүрегімде сақтаған,
Анашым деп мақтанам,
Айналайын ақ анам!
Марк:
Мамочку любимую
Крепко обнимаю,
С 8 Марта от души
Маму поздравляю!
Назар:
В самый лучший праздник
Бабушек и мам
Мы поздравить рады
Самых милых дам!
Аягөз:
Жарқын жүзді жан анам
Сендей болсын бар адам

Scanned with CamScanner

Сендей болса бар адам
Шаттық кетпес баладан
Абдурахман:
Ақ анашым, аппағым,
Өзің жайлы тақпағым
Өзің жайлы әнім де,
Арнадым саған бәрін де.
**Жүргізуші: Жарайсыңдар келесі кезекті ұлдарымыздың көңілді биіне берейік.**
**Би: «Ұлдар»**
**Жүргізуші:**
Барша ана,құтты болсын мерекеңіз
Әркашанда ана сізбен берекеміз.
Ақтасақ ақ сүтіңді,асыл анам,
Сонда біз кісілікке теңесеміз. Келесі кезекте аналарымызбен ойын ойнасақ.
**Ойын: «Аялы алақан»**
**Ән: «Ана»**
Ескендір:
Сенен өскен балалар
Батырлар мен даналар
Құттықтаймыз мейраммен
Құрметті біздің Аналар
Полина:
Маму сильно я люблю
За любовь, за доброту.
Мама в жизни всех важней,
В мире нет ее добрей.
Мама больше всех нужна,
В жизни главная она.
Ибраһим:
Менің анам ардақты,
Алтыннан да салмақты
Жақсы көріп баласын,
Мәпелейді анашым
Айшабибі:
Менің әжем, гүл әжем
Алтын әжем, күн әжем
Анам үшін мен үшін
Нағыз асыл жыр әжем.
Харитон:
Мамочке сегодня
Я несу цветы,
Самая любимая
В этом мире ты!
Ақсұлу:
Мен анамды сүйемін,
Сөзің ойға түйемін.
Анашымды ардақтап,
Басымды оған иемін.
**Би: Ұлдар мен қыздар биі**

Scanned with CamScanner

Көктем ханшайымы: Жарайсыңдар балалар, енді менің кететін уақытым болды. Мен қоштаспаймын,әлі де мен сендермен бірге боламын. Сендер мені далаға серуенге шыққанда көретін боласыңдар. Көріскенше сау болыңдар.
**Ойын : «Гүлді жылдам ал»**
Жүргізуші: Ей адамзат ойы толып ержеткен
Анаңды ұмытпа бесігіңді тербеткен
Ана деген аяулыда,асыл жангой
Көңіл жоқта көңіліңді сергеткен-дей отырып балалардың ана туралы тақпақтарына берейік.
Арсан:
Всех мамочек и бабушек
Мы будем поздравлять
Цветы, рисунки сладости
Мы будем вручать
Поздравим вопитателей
Мы с праздником весны
Восьмое марта радостно
Отметим вместе мы
Ева:
Мамочке сегодня
Я несу цветы,
Самая любимая
В этом мире ты!
Ты как солнца лучик,
Светишь мне всегда
Самаая ты лучшая,
Мамуля, у меня
Юсуф:
Әже деген көп шығар
Әжемдей менің жоқ шығар
Мейірімді бұл кісі
Қандай ғажап күлкісі
Терентий:
Мама лучше всех на свете,
Красивей всех на планете,
Мама тортики печет,
Мама всем любовь дает!
Мама дарит нам заботу,
Это мамина работа,
Свою маму я люблю,
Поздравлять ее спешу!
Алдияр:
Ардақты ана, аяулы ана, қымбаттым,
Тәтті ұйқыңды бөліп талай түн қаттың.
Өміріме нәрін берді ақ сүтің.
Кең құшағың – аясындай гүл бақтың.

Мен өзіңмен қайда болсам біргемін,
Махаббатың жүрегімде жүр менің.

Scanned with CamScanner

Күн нұрындай – жадырай бір күлгенің,
Қандай жақсы ортамызда жүргенің!
**Ән: «Мама»** (орысша)
**Жүргізуші:** Аналар қалқып бақыт аралында,
Лайым мұң қонбасын жанарында.
Осымен кешімізді аяқтайық,
Гүл бітсін бәріңіздің қадамыңа- дей отырып бүгінгі **«Әлемнің жарығы - Ана»** атты ертеңгілігіміз аяқталды. Аяулы аналарымыз, ардақты әжелеріміз, сүйкімді балаларымыз аман болсын! Құрметті аналар, әжелер, сіздерді **«Көбелек»** тобының бүлдіршіндері шын жүректен құттықтайды. Әрдайым көктем гүліндей жайнап жүріңіздер дей келе балалардың сыйлықтарын қабыл алыңыздар.
**Ата-анадан ән шашу!**

Scanned with CamScanner


















Scanned with
CamScanner

Бекітемін ________

МКҚК №1 "Күншуақ"

бөбекжай-балабақшасы

Әдіскер: Асанова Л.М

# «22-наурыз Ұлыстың ұлы күні Әз-наурыз»

## ертеңгілік

### "Көбелек" ересек топ

Тәрбиешілер: Қыдыралы Л.Т

Рысқұлова Б.Р

2025-2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner

**_Ұлыстың Ұлы күні 22 наурыз мерекесіне арналған «Төрлет, төрлет Наурыз_**

***Мақсаты:*** ***Ұлыстың ұлы күні наурыз мерекесін тойлау. Ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып жайында қарапайым түсінік беру. Ата-бабаларымыздың кейінгі ұрпаққа мирас еткен асыл мұрасын қадірлеп, қастерлеуге, қасиетін түсінуге баулу. Ұлттық дәстүрдің ерекшеліктерімен таныстыру. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін балалардың бойына сіңіру. Балаларды ұлттық салт-дәстүрді, мұраларды танып-білуге, сыйлап, түсінуге үйрету. Балалардың ой-қиялының, шығармашылық белсенділігінің және бейнелі ойларының дамуына ықпал ету.***

**Жүргізуші:**

Уа, халайық, халайық!
Ақ сандықты ашайық,
Бұл мереке, бұл тойдың
Шашуларын шашайық! (Шашу шашылады)

"Наурыз Думан" әні орындалады қазақ киімдерін киген балалар айнала жайылған көрпелерге жайғасып отырады.

**Жүргізіуші:** Армысыздар, ата-аналар, қонақтар! Бәріміздің асыға күткен Наурыз тойымыз да келіп жетті. Тойларыңыз құтты болсын! Наурыз – «жаңа күн» деген сөз. Бұл күн – біздің ата-бабаларымыз, арғы тегіміз мыңдаған жылдардан бері тойлап келе жатқан жыл басы мерекесі. Наурыз тойымыз құтты болсын! Ұлыстың ұлы күні деп аталған Наурызда денсаулықтарыңыз мықты, тілектеріңіз қабыл болсын! Наурыз айы – Шығыс күн есебі бойынша жылдың алғашқы айы. Бұл айда жылдың алғашқы айы есебінде күн мен түн теңеледі, сол себептен Наурыз жыл басы болып саналады.

Осы көктемнің мерекесіне арналған әнімізді шырқап берейік

**Ән:** «Наурыз сені қарсы аламыз»

**Жүргізуші:** Балалар біздер Ұлыстың Ұлы күні ақ бата беретін кім екенін білесіңдер ме!

**Балалар:** Қыдыр Ата!

**Жүргізуші:** Ендеше ортаға ақ батасын беруге Қыдыр атамызды шақырайық!

**ҚЫДЫР АТА:** Сұрасаң бата берейін,
Үстем болсын мерейің
Ықыласпен қол жайсаң,
Ақ тілекті төгейін
Ұлыс оң болсын
Ақ мол болсын
Қайда барсаң жол болсын!
Ұлыс бақты болсын,
Төрт түлік ақты болсын!Әумин!

**Жүргізуші:** Қыдыр ата! Ортаға жайғасыңыз бүгін біздің «Көбелек тобында үлкен той болғалы жатыр бізбен бірге тойлатыңыз!

**Қыдыр Ата:** Жарайды құрметтеп төрге шақырсаңдар ешқандай қарсылығым жоқ.

*(Ортаға барып отырады)*

Ақтөре:

Наурыз бұл мереке

Құтты болсын береке

Қыдыр ата келсін

Жақсы тілек әкелсін

Ақсұлу:

Жыл басы – Наурыз мереке,

Ақ нұрға әлем боянды.

Наурыз тойы береке

Тіршілік жаңа оянды!

Аягөз:

Наурыз келді еліме,

Scanned with CamScanner

Наурыз келді жеріме.

Байлық, бақыт тілеймін,

Бүкіл қазақ еліне.

Ерасыл:

Уа, ағайын халайық,

Мұнда назар салайық!

Мерекесі халықтың

Наурыз тойын бастайық

**Ән: «Көктемде»**

**Жүргізуші:** Наурыз келді, жайраң қақты таң күліп,

Жап-жасыл болып кетті дүние жаңғырып.

Жақсылыққа жаршы болған Наурызым!

Сен өмірдің көктемісің мәңгілік!

**Әуенмен Алдар көсе кіреді.**

Мен Алдармын, Алдармын,

Сақалымды болса талдармын.

Сақал түгіл мұрт та жоқ,

Шайтанды да алдадым.

Сусыз жерде өсемін,

Сондықтан да Көсемін

Ал мына жерде қандай той болып жатыр? Мені шақырмағандарыңба? Оларың жарамас Наурыз тойында ұлттық ойын ойнап жіберсек қандай жақсы. Қане жігіттер күш шынасуға дайынсыңдарма?

**Ұлттық ойындар ойнатылады.**

Ескендір:

Осыншама жақсылық

Алып келген Наурызым

Төрлет бізге нұр беріп,

Шуақ шашып ақ жүзің!

**Жүргізуші:** Ерітіп қарын даланың,

Жинатып гүлін саланың.

Жетелеп жұмсақ самалын,

Келді Наурыз – жыл басы.

Кезекті ***«Қамшы»*** *биі (ұлдар биі)*

Алдияр:

Наурыз келді құт болып,

Мына бізге нұр болып.

Scanned with CamScanner

Аққа аузымыз толады

Бар жақсылық болады.

**Жүргізуші**: Құтты болсын әр күнің,

Сыйла, бақыт баршаға.

Сәбидің әсем шат үнін

Тыңдат абзал анаға.

Наурыз – достық,

Наурыз – күн.

Барша халық бірлігі.

Тағы келді ұлыс күн.

Жалғасып ғалам тірлігі.

**Ән**: «Құстар әні»

**Жүргізуші**: Шашу! Шашу!

Көп шашайық шаш

уды,

Жауғандай көп аспаннан нөсер жаңбыр.

Уа, жамағат, теріп ал несібіңді,

Ризығың болсын көл – көсір! Осымен Наурыз мерекесіне арналған ертеңгіліміз аяқталды.

Scanned with CamScanner




Scanned with CamScanner







Scanned with
CamScanner

Бекітемін___________

МКҚК №1 "Күншуақ"

бөбекжай-балабақшасы

Әдіскер: Асанова Л.М

# «Менің құқықтарым, міндеттерім»

## әңгімелесу

**"Көбелек" ересек топ**

**Тәрбиешілер: Қыдыралы Л.Т**

**Рысқұлова Б.Р**

**2025-2026 оқу жылы**

Scanned with CamScanner

Тақырыбы: Менің құқығым және міндеттерім
Мақсаты: Баланың құқықтары мен міндеттері туралы түсінік беру.
Көрнекілігі: Қазақстан Республикасының Конституциясы, суреттер, ертегілер
Сабақтың түрі: тақырыптық сабақ
Сөздік: Конституция, құқық, міндет

Сабақ барысы:
I. Ұйымдастыру кезеңі.
Психологиялық дайындық
Мақсатымыз, білім алу
Міндетіміз, еңбектену
Әр бала өз құқығын білу,
Оны өмірде пайдалану.

II. Әнұран орындалады.
Балалардың назарын Ата Заң кітабын аудару.
- Конституция – бұл біздің еліміздің басты заңы. Қазақстан Республикасында тұратын барлық азаматтардың құқықтары мен міндеттері белгіленген құжат.

1. «Бала құқығы» бекеті.
- Балалар сендер не істеуге құқылысыңдар?

Өмір сүруге, отбасына тәрбиеленуге, білім алуғ, демалуға, денсаулықты сақтауға т. б.
Балалар суреттерді алып тақтаға іледі.
- Енді, сендерге түсінікті болу үшін өздеріңе белгілі ертегілерді мысалға келтіре отырып, осы құқықтарды қарастыруға тырысамыз.
-«Бауырсақ» ертегісі - өмір сүруге құқылы, бірақ оны түлкі жеп қояды.
-«Тазша бала» ертегісі – сөз бостандығына
-«Ұр, тоқпақ» ертегісі – дүние мүлкіне
-«Кір, қоймас» ертегісі – денсаулыққа

2. «Ертегі» бекеті.
Балалар үш топқа бөлінеді. Әр топқа ертегі кейіпкерлерінің суреттері таратылады. (бірнеше қиықтарға бөлінген) Мозайкаларды жинап, ертегі кейіпкерлері арқылы адамның қандай құқығы бұзылған.

«Мыстан кемпір» - ертегілерде үнемі балалардың өміріне қауіп төндіреді.
«Карлсон» - шулайды, қоғамдық орында тәртіп бұзады.
«Тоты құс» - адамдардың тұрғылықты жерлерін қиратады, бау - бақшадан алтын алмаларды ұрлайды, сондықтан осы қылмысы үшін торда қамалған.

«Теңге жинау» - ойыны
«Ойлан, тап» ойыны.
Ертегі кейіпкерлерін айтамын, егер жағымды кейіпкер болса, шапалақтаймыз. Жағымсыз кейіпкер болса, онда аяқтарыңмен сартылдатасыңдар.
- Ер Төстік +
- Мыстан кемпір –
- Жеті лақ ертегісіндегі қасқыр –
- Шық бермес Шығайбай –
- Қызыл Телпек +

Өте тамаша! Бүгін жақсы еңбектендіңдер! Өздеріңе қажетті жаңа білім алдыңдар. Енді сендер біздің еліміздегі бала құқығын білесіңдер.

Scanned with
CamScanner









Scanned with
CamScanner

Бекітемін____________
МКҚК №1 "Күншуақ"
бөбекжай-балабақшасы
Әдіскер:  Асанова Л.М

# «Кім жылдам? Қимылды ойын»

## Қимылды жаттығулар мен ойындар

"Көбелек" ересек топ

Тәрбиешілер: Қыдыралы Л.Т
Рысқұлова Б.Р

2025-2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner

Тақырыбы: Спорт - біздің досымыз!
Мақсаты: Салауатты өмір салтын ұстануға баулу. Спортқа деген қызығушылығын арттыру. Әр түрлі спорттық ойын түрлерімен танысу, тәсілдерін меңгеру. Балалардың икемділігі мен ептіліктерін, шапшаңдылық қабілеттерін дамыту.
Түрі: Эстафеталық ойын
Көрнекілігі: Үлкен резеңке доп, шарлар, доптар, кедергілер, жалаушалар,ысқырық, уақыт өлшеуіш.
Барысы:
Жргізуші: Құрметті балалар! Бүгін біздің "Балдырған" тобында спорттық жарыс өтпекші. Балаларға сәт сапар тілейміз.
Сайысқа қатысатын балалардың кеуделерінде өз белгілері қыстырылған. Алдымен жүргізуші сайыс шарттарымен таныстырылады.
Сайысқа қатысушыларымен жеке таныстыру. Әр команданың ұранымен таныстыру.
Ұстанған салауатты өмір салтын,
Жасқанып, ешқашан да мойымайтын,
Болашақ спортшылар келді ортаға
Қол соғып қарсы алайық, балалар.
«Тұлпар» тобын ортаға шақырамыз
Топтың ұраны: Спортпен достас, жалқаулықпен қоштас.
«Сұңқар» тобын ортаға шақырамыз
Топтың ұраны: Бәріміз – біріміз үшін, біріміз – бәріміз үшін.
Ойын түрлері:
1.Тез адымда
2. Шебер
3. Кім жылдам?
4. Шегірткелер
5. Доппен секіру.
1."Тез адымда"
Ойынның шарты: себеттен себетке кедергілер арасымен ирелеңдеп жүгіріп барып себетке доптарды тасу.
2. "Шебер"
Шарты: бірінші бала допты шеңберге қою, екінші бала допты алып келу
3." Кім жылдам?"
Мәреге дейін кім бұрын жүгіріп барады.
4. "Шегірткелер".
Бір бала қос аяқпен кедергілер арасынан секіріп барып, қайтар жолда жүгіріп қайтады. Келесі ойыншы ойынды жалғастырады.
5. "Доппен секіру".
Үрмелі резеңке доппен секіру.
III. Қорытынды бөлім
Көрсетті міне өз өнерін балалар,
Сайыстың да соңы келіп таянар.
Жеңімпазды анықтайық қанекей,
Әділқазы сайысты әділ бағалар.
Сайыс соңында әділқазылар алқасы ұпай санын шығарып, қай команданың жеңгенін айтады. Жарыс соңында жеңіске жеткен командаға сыйлықтар тапсырылады. Балаларға арнайы дайындалған алқалар тапсырылады.
Спорт – көркі өмірдің,
Спорт- досың, серігің.
Жаттықсаң шымыр боларсың,
Шынығып, өсіп, толарсың, - демекші салауатты өмір салтын ұстанып, спортты серік етейік!

Scanned with CamScanner







Scanned with
CamScanner

# «12-сәуір Ғарышкерлер күні»
# сурет көрме




Scanned with CamScanner









Scanned with CamScanner

«Тексерілді»___________
МКҚК №1 «Күншуақ»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: Асанова Л.М

# Хаттама

## «Бала біздің болашағымыз»

«**Көбелек**» ересек тобы

2025-2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner

**Хаттамасы**

**Ата – аналар жиналысы**

**Тақырыбы:** «Бала біздің болашағымыз»

**Мақсаты:** ата-аналар арасындағы байланысты нығайта отырып, эмоционалды жігер беру, бірін - бірі кеңірек танып білуге, қатысушылардың өз мүмкіндіктерін шамалауға және күз мезгіліндегі шаршағандықтарын төмендетіп, көңіл күйлерін көтеру.

**Ата-аналар жиналысы**

**Тәрбиеші:**-Құрметті ата-аналар! Мен сіздермен бірінші ата-аналар жиналысында кездескеніме қуаныштымын. Менімен сізді байланыстырып тұрған әрине балалар. Сол балаларымыз аман болсын! Балаларыңыз сіздерді тек жақсы қылықтарымен қуанта берсін дей келе бүгінгі алғашқы жиналысымызды бастауға рұқсат етіңіздер.

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

1. Ата-аналар тренинг жүргізу **«Біз бақытты жанұямыз»**
2. Баяндама: **«Бала біздің болашағымыз»**
3. Жылдық қорытындылау
4. Ата-аналар комитетінің есебі
   Ата-ана: Курганбаева Назгуль
5. Қорытынды.

Қош келдік, құрметті ата - аналар. Бүгінгі біздің отырысымыз ерекше болады деген үмітпен тренингті бастаймыз. Тренингіміздің ерекшелігі сол, тәрбие процесіндегі қиындықтарды біз бен, сіз бен пікірлесе отырып, ойымызды түйіндеп, өмір жолында пайдалану. Отбасы - Адам баласының алтын діңгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы - адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын бесігі. Бала қанша білім алып, мектеп табалдырығын аттағанымен, оның өмірінің көп бөлігі әке - шешесінің қасында өтеді екен. Ал сіздердің ата - ана, өміріңізде үш рет мектепке баратыныңызды әрқашан естен шығармаңыз. Бірінші рет – өзіңіз, екінші рет – балаңыз, ал үшінші рет – немереңіз барады екен. Тілеуіміз бүгінгі тренингімізге қатысып отырған ата - аналарға әрдайым осы балаларыңыздың қорғаны болып, немере сүйіп мектебімізге келе беріңіздер дегенміз. Олай болса, бүгінгі тренингімізді бастамастан бұрын өздерімізді таныстырып өтейік.

**1.Тренинг «Біз бақытты жанұямыз»**

(ата-аналарға арналған тренинг)

**Мақсаты:** Ата – аналар арасында жағымды қарым – қатынас орнату, сыйластықты арттыру, отбасында балаға жақсы тәрбие беруіне ықпал жасау

**Тренинг ережесі:** Сенімділік, Сыйластық, Жақын араласу

**Барысы:** Ата – аналар шеңбер жасай тұрады.

1. **Сәлемдесу** Бір күнгі танысыңа қырық күн сәлем дегендей біз бүгін дәстүрден тыс амандасу түрлерін жасаймыз. Алақанымыздың ішін және сыртын тигізіп бір – бірімізге күлімсірей қарайық Бір – бірімізге маңдайларымызды тигізіп сәлемдесеміз. Оң және сол жақ иықтарыңызды тигізіп сәлемдесу. Сәлемдесу кезінде қандай әсерде болдыңыздар? Құрметті ата-аналар сіздермен бірге отбасы бақыты тақырыбында сөз қозғаймыз. Трениг сабағымызға қош келдіңіздер дей отырып, тренингті «Отбасы татулығы» аңызымен бастағым келіп отыр.

2. **Сөйлемді аяқта**" әдістемесі.

— Мен өз отбасымды жақсы көрем, себебі….

— Отбасы бұл…

— Отбасым бақытты болу үшін…

— Отбасымда зорлық — зомбылыққа жол жоқ, себебі…

— Мен қалар едім отбасымның…

— Мен үшін бақытты отбасы……

— Өз отбасыңа көңілің толa ма?

— Отбасының ұйытқысы кім?

—Отбасының бүкіл міндеті кімдерге негізделген?

Ия құрметті ата-аналар біз сіздермен бірінші «Бақыт» деген сөзге жауап іздеп көрейік.

3. **Бақыт деген не өзі**? Бақыт дегеніміз— өмірді өз орнында, өз қалпында шамасы келгенше үлгілі өмір сүру. Адал болу, майдалықтан, іштарлықтан, қашық болу. Мұршасы әлі жеткенше өз заманын түсіне білу , өз қоғамымен бірге алған мақсатқа қопарыла шын көңілмен адал қызмет істей білу. Ар намысты қорғау –бақыттың шыңы, қиыншылықтармен санаспастан, азаматтық міндетті орындап шығу-ол да бақыттың шыңы. Жеңсең бақыт.

Жарайсыздар! Рахмет Ата-аналар енді келесі мына үстел үстінде тұрған өз балаларыңыздың көздердің бейнесі арқылы, әр ата-ана өз баласының көздерін тауып алуы қажет және сол сурет артқы жағында қызыл және көк түстер арқылы екі топқа бөлініп отырайық.

4. **Сергіту сәті**: Мақал-мәтелдерді аяқтау

1)Балалы үй базар,
Баласыз үй қу мазар.
2) Ананың сүті — бал, баланың тілі — бал.
3) Жақсы бала әкесінің басын төрге сүйрейді,
Жаман бала әкесінің төрдегі басын есікке сүйрейді.
4) Ұлға отыз үйден тыю,
Қызға қырық үйден тыю.
5) Әкені көріп ұл өсер,
Шешені көріп қыз өсер.
6) Ананың ізін қыз басар,
Атаның ізін ұл басар.
7) Балапан ұяда не көрсе,
Ұшқанда соны алады.
8) Балаға байқап сөйлесең,
Ақылына көнер,
Байқамай шайқап сөйлесең,
Көрсетер бір «өнер».
9) Ата — асқар тау, ана — бауырындағы бұлақ,
бала — жағасындағы құрақ.
10) Қарға баласын «аппағым» дейді,
Кірпі баласын «жұмсағым» дейді.
11) Жаста берген тәрбие —
Жас қайыңды игендей.
12) Аға әдепті болса, іні әдепті,
Апа әдепті болса, сіңлі әдепті.
13) Әке көрген — оқ жонар, шеше көрген — он пішер.
**МАХАББАТТАН** бастау керек. Бала ата-ана өмірінің жалғасы.
Қорытынды. Ата - анаға көз қуаныш,
Алдына алған еркесі,
Көңіліне көп жұбаныш.
Гүлденіп ой - өлкесі,- деп Абай атамыз ата - ананың қуанышы, гүлденген үміт, арманы тек перзент сүю, оны тәрбиелеу екендігін айтқысы келген екен. Ендеше, ата - аналар, қаншалықты өз балаларын көздерінен жақсы таниды екен деп көрейік қане! Қолдарыңызда тұрған суреттің артқы жағында сандар жазылып тұр сол сандар арқылы әр ата-ана өз баласын қаншалықта жақсы таныды екен қане, алдымыздағы экранға назар аударып мұқият қарайық.
Жақсы, жарайсыздар! Қане, өзімізге бір үш шапалақ соғып қояйықшы.
Рақмет! Бүгінгі кездесуге келіп жұмыла қатысқандарыңыз үшін көп рахмет.

Scanned with CamScanner

2.**Баяндама.**

**Бала – біздің болашағымыз!!!**

Ұлт тәрбиесі - ұлт болашағы. Егеменді еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақ тәрбиесі. Білімді денсаулығы мықты азамат өсіру үшін, мектеп болып ынтымақтасып та ат салысуымыз қажет. Кейін опық жеп бармақ тістемеу үшін баланы қаршадайынан дұрыс тәрбиелеуге, бала бақытының шынайы бағбаны болуға атсалысқан жөн. Бала бақытының кепілі - ата - ананың өнегелі тәрбиесінде. Отбасы - адамзат қоғамының ең шағын бейнесі. Дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан дамуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде қалыптастырады. Отбасы тәрбиесі қоғамдағы өзгерістермен тығыз байланысты. Баланың отбасындағы тұлғалық қасиетін жетілдіретін жағдайдың бірі - отбасы ішілік және отбасынан тысқары атқарылатын еңбек. Отбасындағы күнделікті тұрмыс қажеттігін қамтамасыз етуден туындайтын еңбек баланы әлеуметтік қатынасқа түсіріп, оны ересек өмірге тәрбиелейді. Сондай еңбектің барысында баланың жауапкершілігі артып, еңбек ету қажеттігін түсінеді. А. С Макаренко «Ата - аналарға арналған кітабында» «Бала тәрбиесінде сіздің іс қимылыңыздың өзі шешуші рөл атқарады. Сіз тәрбиені сөз арқылы немесе үйрету, бұйыру арқылы іске асырамын деп ойламаңыз. Тәрбие өмірдің әр сәтінде іске асады. Тәрбие сіздің қалай киінетініңіз, сөйлейтініңіз, қалай күлгеніңіз, осы іс әрекеттің барлығы бала үшін өте маңызды. Ал отбасында сіз дөрекілік көрсетіп, жұбайыңызды жәбірлесеңіз осы ісіңізбен сіз балаға жаман тәрбие бересіз», - дейді. Жақсы перзент ата - ана қолындағы аманаты. Отбасында баланың жан дүниесін рухани пәктігіне тәрбиелеген абзал. Отбасында ата - ананың ықыласына бөленіп, тәрбие көріп өскен бала балабақшада да мектепте де өз ісіне жауап бере алады.

Баланы жанұяда дұрыс тәрбиелеу, оның мектепте жақсы оқуына, болашақта жақсы азамат болып шығуына үлкен ықпалын тигізеді. Үйде балаларды жазу сызуға, ауызша есепке машықтандыру, оларға қызықты әңгімелер айтып беру сияқты істермен қоса оларды бір мезгіл үй шаруасымен айналыстырып отырса, бала үшін оның маңызы зор. Бұл ретте бала біріншіден білімге құштар болса, екіншіден ол еңбекке дағдыланады. Ал еңбек пен білім егіз екенін естен шығармауымыз керек. Жас жеткіншекке жанұяда дұрыс тәрбие берілсе, болашақта одан үлкен нәтиже күтуге болады. Дұрыс тәрбие алған бала ата - анасын қуантып отырады. Балаға дұрыс тәрбие берудің өзекті бір саласы жас жеткіншекті еңбекке деген әлеуметтік көзқарасын қалыптастыру болып табылады. Бұны тек мұғалімдер ғана емес, әрбір ата - ана қолға алып, өз балаларының гүл, ағаш егіп, ауланы көгалдандыру сияқты игілікті іске қатысуын қадағалап отыруы керек. Сонда ғана еңбексүйгіштік қасиет берік дағдыға айналады. Еліміздің болашағы - ертеңгі тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ екені даусыз. Сол тәртіпті, тәрбиелі ұрпақ өсіру - баршаға ортақ, әрі міндет. Құрметті ата - аналар, балаларыңыздың

Scanned with CamScanner

бойынан жат қылық көрсеңіздер, мұғалімдерді жолдастарын, қоғамды кіналаудан гөрі, «мен баламды тәрбиелеуде қай жерінен ағаттық кетті, баламның бойына жақсы әдет сіңіруде, жақсы тәрбие беруде қай жерден жаңылдым» деген ой түйсеңіздер екен. Тәрбиенің от басынан басталатыны сөзсіз. Күнделікті « беті қолыңды жуу, тісіңді тазала, өтірік айтпа, біреудің затын рұқсатсыз алма т. б» деген сияқты сөздерді айтуға жеңіл болғанмен, осы сөздердің тәрбиелік мәні зор екенін естен шығармау керек. Осыдан бала тазалыққа, шыншылдыққа, ұқыптылыққа үйренеді. Адам баласының шыр етіп өмірге келгенде көретіні ата - ана, ал ата - ана өмірінің жалғасы - бала. Өмірінің жалғасы баласының керемет ғалым болмаса да, тәрбиелі үлгілі, ақылды кішіпейіл, бауырмал, мейірімді болып өсуін ата – ана қадағалайды. «Тәрбие басы тал бесік», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп айтылған дана сөздер текке айтылмаса керек. Баланы тәрбиелеуде ата – ананың бір – біріне деген қарым - қатынасы, қалай сөйлесетіндігі, туған – туыспен, көрші - көлеммен қалай араласатындығы, келген қонақты қалай сыйлайтыны, тіпті ұсақ-түйек болса да қалай тамақтанатыны, дастархан басындағы әдептілігі, қалай киінетіні бұның барлығы балаға әсер етеді. Бала үлкенге қарап өседі. Баланы үнемі ұрып - соғып, қателескен жерінде қатаң жазалап тәрбиелеудің қажеті жоқ. Ақылмен, мысал келтіре отырып түсіндіру керек.

Баланы адамгершілікке, қарапайымдылыққа, жақсы әдетке, әдемілікке, әдептілікке ұқыптылыққа, жауапкершілікке сөзбен жеткізе отырып тәрбиелеуге болады. «Жақсы сөз жан азығы» деп бекер айтылмаса керек. Қай заман, қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән беріп келген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен жастарға оқу білім беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Сондықтан да Елбасымыз XXI ғасырды білім жарысы ғасыры деп атап отыр. Тәрбиенің мақсаты пәнді керемет меңгерген оқушы тәрбиелеу емес, ең бастысы Адамды тәрбиелеу. Бүгінгі күні біз – әлем халқы, бір кісідей жаңа дәуір, жаңа ғасыр - жаңа мыңжылдыққа аяқ басып отырмыз. Шәкәрімнің: «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл сапалар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді»- деген сөзі бар. Адамгершілікке тәрбиелеу ісі білім берумен ғана шектелмейді. Бұл баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі дүниесін оятудың нәтижесінде оның дүниетанымын қалыптастырады. Ана - тілінің тағдыры отбасынан басталады. Рухани байлық дүниетаным, түсінік, рух, иман отбасынан осы түсініктерді ана - тілі арқылы халықтың сарқылмас мол рухани қазынасынан сусындаса, өзіміздің дәстүрлі ұлттық дүниетанымымыздың арнасында әлемдік өркениет жетістіктерін игеріп терең меңгерсек, ешкімге есемізді жібермейтін дәрежеге жетсек, онда дербес ел ретінде нық тұрамыз. Қазақ халқы баланы дүниедегі барлық асылдан жоғары бағалаған, болашағына, арманына бағалаған. Сондықтан да халқымыз «Балалы үй - базар, баласыз үй - мазар» деп асыл сөзін арнаған.

Scanned with CamScanner

Қазіргі уақытта бала тәрбиесінің табысты болуы ата – аналардың тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, ынтымақтастығына, отбасы мүшелерінің өзара қарым – қатынасына, көзқарастарының және мақсаттарының бірлігіне байланысты. Ол үшін ата – аналар күнделікті өмірде балаларының мінез - құлқына, қажетті қасиеттердің қалыптасуына назар аударуды, тәрбие үрдісінде теріс қылықтарды болдырмауды ойластыруы шарт. Отбасында тәрбие ісімен айналысу үшін, ең алдымен ата – ана өз өмірін, өз ісін дұрыс ұйымдастыра білуі қажет. Баланың көп уақыты сәби шағынан бастап отбасында өтеді. Оның өмірін, іс - әрекетін, демалысын бірқалыпты ұйымдастырып, реттеп отыру үшін қажетті жағдай керек. Ал жағдай ұтымды күн ырғағы негізінде жасалады. Күн ырғақ – бұл өмір тәртібі. Ал бала өз міндетін қашан да орындауға тырысады. Отбасында бала әр нәрсені естиді, көреді, қалай өмір сүру керек, өзін - өзі қалай ұстай білу керек, жағымды, жағымсыз мінез – құлықтарды байқайды. Сондықтан ата – ана балаға үңіле қарап, үнемі бақылап бала жан дүниесіне оң әсер ететін іс - әрекеттерді дағдыға айналдыру керек. Ата — ана — бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез - құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата — аналар «Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт болудың қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл - қыздармен үй шаруасында жүріп - ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасқа. Баланы мектепке апарып алып қайтар жолда сырласып әңгімелесуге болатынын естен шығармаған жөн. Бала мектепте болған жайды әңгімелеп, достары жайлы ой пікірімен бөліскісі келеді. Балаға уақытым жоқ деп тиып тастамай, сұрақтарына жауап беріп өз пікіріңізді ортаға салсаңыз ол баланың ойында дұрыс пікір қалыптастырады. Бала дегеніміз – болашақ. Балаларымызды қалай тәрбиелесек болашағымыз солай болмақ. Келешегіміздің қожасы балаларымызды білімді де мәдениетті, тәрбиелі де әдепті, кішіпейіл де қарапайым етіп тәрбиелеу өз қолымызда. «Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз». Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін - өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін - өзі сыйлау қажеттігінен туындайды. Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады. Баланы дұрыс тәрбиелеу отбасында, алдымен, жанұя жағдайы, онда қалыптасқан оң моральдық - психологиялық ахуал, татулық пен өзара түсіністік, сүйіспеншілік пен сыйластық, ауызбіршілік, отбасы мүшелерінің бір - біріне деген құрмет сезімдері, яғни, отбасындағы кіршіксіз таза, мөлдір көңіл - күйі тікелей ықпал етеді. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі»- дейді Әл - Фараби. Сонымен қорыта келе, жас ұрпаққа тәлім тәрбие беруді қоғам болып, ұстаздар қауымы болып, ең бастысы ата - аналар болып қолға алсақ болашағымыз жарқын болмақ. Балаларымызды отансүйгіштікке,

Scanned with CamScanner

ата - баба салт - дәстүрін құрметтейтін ұрпақ тәрбиелеу баршаға бірдей міндет.

**3. Жылдық қорытынды:**

**4. Ата-аналар комитетінің есебі:**

Ата-ана: Курганбаева Назгуль

**Сұрақ – жауаптарыңыз болса?**

**5.Қорытынды:** ***Ата-анаға айтылар ұсыныс***

**«Баланы 5-ке дейін патшадай көтер,**
**15-ке дейін құлындай жұмса,**
**15-тен кейін досыңдай сыйла»**

Бала тәрбиесі - ата-ана үшін күрделі де жауапты міндет. Жас шыбық иілгіш болса, жас адамда сондай жақсыға да, жаманға да бірдей бейім болатыны баршамызға мәлім. Сізге ұсынылып отырған көмекші құралда ата-аналармен жұмыс жүйесі көрсетілген. Ата - аналардың міндеті, ақыл-кеңестер, сауалнамалар, сұрақ-жауаптар, тесттер ұсынылды. Қазақта «Баланың бас ұстазы - ата-анасы» деген сөз бар. Жас кезінде дұрыс тәрбие алмаса есейе келе тәртібі қиындап, оқу үлгерімі нашарлап кетеді. Мұндай жағдайларда «не істеу керек» деген ой туады. Әрине, ата-аналар балаларының оқу - үлгеріміне күнделікті назар аударып, оны қадағалап отыруы қажет. Тәрбие ешқандай үзіліс, демалыс күндер дегенді білмейді.
«Ұлды тәрбиелеп отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қызды тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» деп тұжырымдаған.

Балаларыңыз ауырмасын, сіздерге денсаулық тілейміз. Келесі кездескенше сау болыңыздар. Балаларды себепсіз балабақшадан қалдырмауларыңызды сұраймыз.

Scanned with CamScanner

«Тексерілді»________

МКҚК №1 «Күншуақ»

бөбекжай-балабақшасының

әдіскері: Асанова Л.М

# Баяндама

## «Бала біздің болашағымыз»

**«Көбелек»** ересек тобы

**2025-2026 оқу жылы**

Scanned with CamScanner

## Бала – біздің болашағымыз!!!

Ұлт тәрбиесі - ұлт болашағы. Егеменді еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақ тәрбиесі. Білімді денсаулығы мықты азамат өсіру үшін, мектеп болып ынтымақтасып та ат салысуымыз қажет. Кейін опық жеп бармақ тістемеу үшін баланы қаршадайынан дұрыс тәрбиелеуге, бала бақытының шынайы бағбаны болуға атсалысқан жөн. Бала бақытының кепілі - ата – ананың өнегелі тәрбиесінде. Отбасы - адамзат қоғамының ең шағын бейнесі. Дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан дамуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде қалыптастырады. Отбасы тәрбиесі қоғамдағы өзгерістермен тығыз байланысты. Баланың отбасындағы тұлғалық қасиетін жетілдіретін жағдайдың бірі - отбасы ішілік және отбасынан тыскары атқарылатын еңбек. Отбасындағы күнделікті тұрмыс қажеттігін қамтамасыз етуден туындайтын еңбек баланы әлеуметтік қатынасқа түсіріп, оны ересек өмірге тәрбиелейді. Сондай еңбектің барысында баланың жауапкершілігі артып, еңбек ету қажеттігін түсінеді. А. С Макаренко «Ата - аналарға арналған кітабында» «Бала тәрбиесінде сіздің іс қимылыңыздың өзі шешуші рөл атқарады. Сіз тәрбиені сөз арқылы немесе үйрету, бұйыру арқылы іске асырамын деп ойламаңыз. Тәрбие өмірдің әр сәтінде іске асады. Тәрбие сіздің қалай киінетініңіз, сөйлейтініңіз, қалай күлгеніңіз, осы іс әрекеттің барлығы бала үшін өте маңызды. Ал отбасында сіз дөрекілік көрсетіп, жұбайыңызды жәбірлесеңіз осы ісіңізбен сіз балаға жаман тәрбие бересіз», - дейді. Жақсы перзент ата - ана қолындағы аманаты. Отбасында баланың жан дүниесін рухани пәктігіне тәрбиелеген абзал. Отбасында ата - ананың ықыласына бөленіп, тәрбие көріп өскен бала балабақшада да мектепте де өз ісіне жауап бере алады.

Баланы жанұяда дұрыс тәрбиелеу, оның мектепте жақсы оқуына, болашақта жақсы азамат болып шығуына үлкен ықпалын тигізеді. Үйде балаларды жазу сызуға, ауызша есепке машықтандыру, оларға қызықты әңгімелер айтып беру сияқты істермен қоса оларды бір мезгіл үй шаруасымен айналыстырып отырса, бала үшін оның маңызы зор. Бұл ретте бала біріншіден білімге құштар болса, екіншіден ол еңбекке дағдыланады. Ал еңбек пен білім егіз екенін естен шығармауымыз керек. Жас жеткіншекке жанұяда дұрыс тәрбие берілсе, болашақта одан үлкен нәтиже күтуге болады. Дұрыс тәрбие алған бала ата - анасын қуантып отырады. Балаға дұрыс тәрбие берудің өзекті бір саласы жас жеткіншекті еңбекке деген әлеуметтік көзқарасын қалыптастыру болып табылады. Бұны тек мұғалімдер ғана емес әрбір ата - ана қолға алып, өз балаларының гүл, ағаш егіп, ауланы көгалдандыру сияқты игілікті іске қатысуын қадағалап отыруы керек. Сонда ғана еңбексүйгіштік қасиет беріп дағдыға айналады. Еліміздің болашағы - ертеңгі тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ екені даусыз. Сол тәртіпті, тәрбиелі ұрпақ өсіру - баршаға ортақ міндет. Құрметті ата - аналар, балаларыңыздың бойынан жат қылық көрсеңіздер, мұғалімдерді жолдастарын, қоғамды кіналаудан гөрі, «мен баламды тәрбиелеуде қай жерінен ағаттық кетті, баламның бойына жақсы әдет сіңіруде, жақсы тәрбие беруде қай жерден жаңылдым» деген ой түйсеңіздер екен.

Scanned with CamScanner

Тәрбиенің от басынан басталатыны сөзсіз. Күнделікті « беті қолыңды жу, тісіңді тазала, өтірік айтпа, біреудің затын рұқсатсыз алма т. б» деген сияқты сөздерді айтуға жеңіл болғанмен, осы сөздердің тәрбиелік мәні зор екенін естен шығармау керек. Осыдан бала тазалыққа, шыншылдыққа, ұқыптылыққа үйренеді. Адам баласының шыр етіп өмірге келгенде көретіні ата - ана, ал ата - ана өмірінің жалғасы - бала. Өмірінің жалғасы баласының керемет ғалым болмаса да, тәрбиелі үлгілі, ақылды кішіпейіл, бауырмал, мейірімді болып өсуін ата – ана қадағалайды. «Тәрбие басы тал бесік», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп айтылған дана сөздер текке айтылмаса керек. Баланы тәрбиелеуде ата – ананың бір – біріне деген қарым - қатынасы, қалай сөйлесетіндігі, туған – туыспен, көрші - көлеммен қалай араласатындығы, келген қонақты қалай сыйлайтыны, тіпті ұсақ-түйек болса да қалай тамақтанатыны, дастархан басындағы әдептілігі, қалай киінетіні бұның барлығы балаға әсер етеді. Бала үлкенге қарап өседі. Баланы үнемі ұрып - соғып, қателескен жерінде қатаң жазалап тәрбиелеудің қажеті жоқ. Ақылмен, мысал келтіре отырып түсіндіру керек.

Баланы адамгершілікке, қарапайымдылыққа, жақсы әдетке, әдемілікке, әдептілікке ұқыптылыққа, жауапкершілікке сөзбен жеткізе отырып тәрбиелеуге болады. «Жақсы сөз жан азығы» деп бекер айтылмаса керек. Қай заман, қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән беріп келген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен жастарға оқу білім беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Сондықтан да Елбасымыз XXI ғасырды білім жарысы ғасыры деп атап отыр. Тәрбиенің мақсаты пәнді керемет меңгерген оқушы тәрбиелеу емес, ең бастысы Адамды тәрбиелеу. Бүгінгі күні біз – әлем халқы, бір кісідей жаңа дәуір, жаңа ғасыр - жаңа мыңжылдыққа аяқ басып отырмыз. Шәкәрімнің: «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл сапалар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді»- деген сөзі бар. Адамгершілікке тәрбиелеу ісі білім берумен ғана шектелмейді. Бұл баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі дүниесін оятудың нәтижесінде оның дүниетанымын қалыптастырады. Ана - тілінің тағдыры отбасынан басталады. Рухани байлық дүниетаным, түсінік, рух, иман отбасынан осы түсініктерді ана - тілі арқылы халықтың сарқылмас мол рухани қазынасынан сусындаса, өзіміздің дәстүрлі ұлттық дүниетанымымыздың арнасында әлемдік өркениет жетістіктерін игеріп терең меңгерсек, ешкімге есемізді жібермейтін дәрежеге жетсек, онда дербес ел ретінде нық тұрамыз. Қазақ халқы баланы дүниедегі барлық асылдан жоғары бағалаған, болашағына, арманына бағалаған. Сондықтан да халқымыз «Балалы үй - базар, баласыз үй - мазар» деп асыл сөзін арнаған.

Қазіргі уақытта бала тәрбиесінің табысты болуы ата – аналардың тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, ынтымақтастығына, отбасы мүшелерінің өзара қарым – қатынасына, көзқарастарының және мақсаттарының бірлігіне байланысты. Ол үшін ата – аналар күнделікті өмірде балаларының мінез –

Scanned with CamScanner

құлқына, қажетті қасиеттердің қалыптасуына назар аударуды. тәрбие үрдісінде теріс қылықтарды болдырмауды ойластыруы шарт. Отбасында тәрбие ісімен айналысу үшін, ең алдымен ата – ана өз өмірін, өз ісін дұрыс ұйымдастыра білуі қажет. Баланың көп уақыты сәби шағынан бастап отбасында өтеді. Оның өмірін, іс - әрекетін, демалысын бірқалыпты ұйымдастырып, реттеп отыру үшін қажетті жағдай керек. Ал жағдай ұтымды күн ырғағы негізінде жасалады. Күн ырғақ – бұл өмір тәртібі. Ал бала өз міндетін қашан да орындауға тырысады. Отбасында бала әр нәрсені естиді, көреді, қалай өмір сүру керек, өзін - өзі қалай ұстай білу керек, жағымды, жағымсыз мінез – құлықтарды байқайды. Сондықтан ата – ана балаға үңіле қарап, үнемі бақылап бала жан дүниесіне оң әсер ететін іс - әрекеттерді дағдыға айналдыру керек. Ата — ана — бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез - құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата — аналар «Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл - қыздармен үй шаруасында жүріп - ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасқа. Баланы мектепке апарып алып қайтар жолда сырласып әңгімелесуге болатынын естен шығармаған жөн. Бала мектепте болған жайды әңгімелеп, достары жайлы ой пікірімен бөліскісі келеді. Балаға уақытым жоқ деп тиып тастамай, сұрақтарына жауап беріп өз пікіріңізді ортаға салсаңыз ол баланың ойында дұрыс пікір қалыптастырады. Бала дегеніміз – болашақ. Балаларымызды қалай тәрбиелесек болашағымыз солай болмақ. Келешегіміздің қожасы балаларымызды білімді де мәдениетті, тәрбиелі де әдепті, кішіпейіл де қарапайым етіп тәрбиелеу өз қолымызда. «Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз». Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін - өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін - өзі сыйлау қажеттігінен туындайды. Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады. Баланы дұрыс тәрбиелеу отбасында, алдымен, шаңырақ жағдайы, онда қалыптасқан оң моральдық - психологиялық ахуал, татулық пен өзара түсіністік, сүйіспеншілік пен сыйластық, ауызбірлік, отбасы мүшелерінің бір - біріне деген құрмет сезімдері, яғни, отбасындағы кіршіксіз таза, мөлдір көңіл - күйі тікелей ықпал етеді. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі»- дейді Әл - Фараби. Сонымен қорыта келе, жас ұрпаққа тәлім тәрбие беруді қоғам болып, ұстаздар қауымы болып, ең бастысы ата - аналар болып қолға алсақ болашағымыз жарқын болмақ. Балаларымызды отансүйгіштікке, ата - баба салт - дәстүрін құрметтейтін ұрпақ тәрбиелеу баршаға бірдей міндет.

Scanned with CamScanner

«Тексерілді»____________
МКҚК №1 «Күншуақ»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: Асанова Л.М

# Тәрбие сағаты

## «Бірлігіміз жарасқан»

«**Көбелек**» ересек тобы

**2025-2026 оқу жылы**

Scanned with CamScanner

**Тәрбие сағаты**

**Күні:** 28.04.2026 жыл
**Тобы: «Көбелек»** ересек топ
**Тақырыбы:** «Бірлігіміз жарасқан»

**Мақсаты:** Балаларға 1 – мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні мерекесі екенін жеткізу. Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу. Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейту. Мерекелік көңіл күйлерін көтеріп, өздеріне ұнайтын шар, жалаушаның суретін салдыру. Ойын арқылы әр ұлттың киімдерін ажырата білуге үйрету. 1 - жүргізуші: Қайырлы күн құрметті қонақтар! Мамырдың бірі, достық күні Ән салып, билеген халықтың үні. Тұтасып, тойлаған ұлттар, Керемет мереке, мамырдың бірі Сіздерді 1 - Мамыр – Қазақстан халқы бірлігі күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

**Тәрбиеші:** Құрметті қонақтар! Бүгінгі біз 3 ұлт өкілдерінің басын қосып отырмыз. Осы ұлт өкілдерінің өнерін тамашалаймыз. Мен – қазақпын, биікпін, байтақ елмін, Қайта тудым өмірге қайта келдім. Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске, Айта бергім келеді, айта бергім. Алғашқы кезекті өз ұлтымыздың өкілдеріне берейік.

Қазақ ұлт өкілдерін суреттері көрсетіледі

Елім менің, жарқыраған, жайнаған, Бақ біткенде бұлбұл құсы сайраған. Елім менің биіктігі шарайнам, Қыран құсы көгінде мың самғаған!Бүгін біздің мерекемізге өзбек ұлтының өкілі келіп отыр. Олай болса, Өзбек ұлт өкілдерін қарсы алыңыздар!

Өзбек ұлт өкілдерінің суреті көрсетіледі

Бірлік пен ынтымағы халықтың -
Көгімізде жарасқан жарық күн!
Ырыс, дәулет бақыты үшін халықтың,
Жайнай берсін, жайнай берсін алтын күн!- дей келе, Қазақстан Республика халқының бірлік күніне арналған «Бірлігіміз жарасқан» атты ертеңгілігімізді ҚР Гимнімен ашайық,

Гимн орындалады

**Тәрбиеші**: Қазақ жері-қонақтай төрдің жері,
Қазақ елі-Қас сақтай ердің елі.
Толқынында тарихтың қуғын көрген,
Барша ұлтқа құт мекен болған еді.

Ән: «Достық»

(Балалар орындарына отырады)

**Тәрбиеші**: - Балалар, Қазақстанда тұратын қандай ұлт өкілдерін білесіңдер?
Балалардың жауабы: орыс, татар, түрік, өзбек, қырғыз т.б.

Scanned with CamScanner

**Тәрбиеші**: Ендеше ойын ойнайық.

**Кубизм әдісі: «Қай ұлт өкілі?» ойыны**

**Ойын шарты:** Бір бала ортаға шығып кубикті лақтырып, сол кубикте қандай ұлт өкілі екенін атап айту.

**Тәрбиеші**: Біз әртүрлі ұлт өкілдеріміз, бейбітшілік пен келісімде өмір сүріп жатырмыз. Біз әр түрлі ұлттардың балаларымыз, бірақ оларды бір ана- Отан тамақтандырады. Әр халықтың өз мәдениеті, өз тілі, ұлттық киімдері, салт-дәстүрлері бар. Ендеше өзбек ұлтының биін тамашалайық. Тілі, түрі бөлек болғанмен жүрегі, тілегі «Қазақстаным-туған жерім» деп соғатын біздің елдегі өзге ұлт өкілдері ынтымақ пен достықтың туын жоғары ұстап, бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Ендеше, өзіміздің ұлттық «Тақия тастамақ» ойынын ойнайық.

**Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ»**

**Тәрбиеші**: Балалар, біз достық туралы мақал-мәтелдер білемізбе?

Балалар: Иә, білеміз

**Тәрбиеші**:Ендеше, мен мақалдың басын оқимын, сендер аяқтаңдар.

Татулық табылмас ........... (бақыт)
Ұрыстың мерейі – ерлік,
Ырыстың мерейі .................( бірлік)
Дос тұтқанды......................( қадірле)
Досы көпті ........................(жау алмайды)

**Тәрбиеші**: Жарайсыңдар, балалар, ақылдыларым. Бүгінгі мерекемізді әсем бимен жалғастырамыз.

**Тәрбиеші**: Ал, ендеше ортаға шығайық, шеңбер жасап ойын ойнайық.

Орыс халқының музыкалық-ырғақтық ойыны «Ищи»

**Тәрбиеші**: Бойымызда әлі бұлақ жатыр бұрқырап,
Сол бұлақтан сыр ағыздым жыр құрап.
Тілейтінім барша ұлтқа бір ғана
Ырыс, бақыт, татулық пен ынтымақ

**Тәрбиеші**: Мамыр айы табиғаттың жайма шуақ берекелі кезеңі. Айналамыз бәрі жасыл желек жамылып ерекше бір реңге енеді. Мамыражай май айын ақындар да жырлап өткен. 9-бала: Көктем келді май келді Шақырады тойға елді Кел, бірге жүр жақсы май Гүл терейік тысқа шық.

**Тәрбиеші**: Біздің жерімізде қалыптасқан ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз өркендеп,ілгері басып келеді.Осындай бірлікті мерекелеп мерейін асырмау мүмкін емес.Сондықтан, 1-мамыр қазақ елінде татулық пен достықтың мерекесінде өзіміздің ұлттық аспаптарымызды таныстырайық.

**«Қазақ ұлттық биі»** (ұлдар)

**Тәрбиеші**: Қазақстан бүгін міне, жеке отау салтанаты жарасқан
Бір отбасы, бір туысқан бір-біріне қарасқан
Қазақстан бүгін міне, достық туын тіккен жер
Мәуелі бақтай жемісін шашқан көп ұлттар
Бір кісідей маңдай терін төккен жер

Scanned with CamScanner

**Бүгін міне еңбек пен ерлікке, байлық пен ырысқа әсем ән мен күйге толы менің байтақ жерім Қазақстаным!**

**Тәрбиеші**: Қазақстан сияқты жас мемлекеттің өркендеуінің бір кепілі еліміздегі ынтымақтастық пен бейбіт өмір! Endeше, бейбітшілік жасасын! Ынтымақтастық жасасын! Қазақстан жасасын! Қазақстан халықтарының бірлігі жасасын! Осымен, бүгінгі мерекелік ертеңгілігімізді аяқтаймыз. Сау - саламатта болыңыздар!

Scanned with CamScanner

«Тексерілді» ________

МКҚК №1 «Күншуақ»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: Асанова Л.М

# Тәрбие сағаты

## «Жас отан қорғаушылар»

«**Көбелек**» ересек тобы

**2025-2026 оқу жылы**

Scanned with CamScanner

**Тәрбие сағаты**

**Күні:** 06.05.2026ж

**Тобы:** «Көбелек» ересек топ

**Тақырыбы:** «Жас отан қорғаушылар»

**Міндеті:** Балаларды Отанды сүюге, батырлыққа, ержүректілікке тәрбиелеу. 7 мамыр- Отан қорғаушылар күні туралы түсініктерін кеңейту.

**Тәрбиеші:** Бүгін еліміздің қорғаныс қабілетінің кемелденгенін білдіретін мереке. 1991 жылы 25 қазанда Қазақстан Президентінің Жарлығымен Қазақ КСР-ң мемлекеттік қорғаныс комитеті құрылды. Кейін республиканың қорғаныс мәселелерін толық түрде жеке шешуге көшуіне республиканың қорғаныс мәселелерін толық түрде жеке шешуге көшуіне байланысты қорғаныс комитеті Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі болып қайта құрылды. 1992 жылдың 7 мамырында тәуелсіз елдің заңдық құқықтарының негіздеріне және тәуелсіз мемлекеттер достығына қатысушы мемлекеттер арасындағы қол жеткен келісімдерге байланысты ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығы шықты. Бұл Жарлық бойынша, Қазақстан аумағына орналасқан Қарулы Күштер өздерінің мүліктерімен қоса, республиканың карауына өтті. Жоғарғы Бас Қолбасшы ретінде Қарулы Күштерді басқаруды Президент өз мойнына алды. Елбасынан басқа қорғаныс ісімен тікелей шұғылданатын алғашқы Қорғаныс министрі болып генерал-полковник С.Нұрмағанбетов тағайындалды. Бұл күн Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің құрылған күні болып құрылғандықтан «7 мамыр Отан қорғаушылар күні» деп жарияланды.

*Тақтада балаларға слайд суреттер көрсетіледі*

Аталған жылы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен үш жүйелі штаб - жаяу әскерлер, әуе қорғанысы күштері мен әскери-теңіз күштерінің бас штабтары бекітілді. Аэроұтқыр күштерге Жоғарғы Бас қолбасшының резерві құзыры берілді. 2001 жылдан Қазақстан 4 әскери - Орталық, Оңтүстік, Батыс және Шығыс округке бөлінді.

Бүгінгі күні Қазақстан өз азаматтарының әскери қызмет атқаруының жағдайы мен тәртібін дербес анықтайды, өз аумағында әскерлердің, қару-жарақтың және техниканың орналасу мәселесін шешеді. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне жалпы мақсаттағы күштер, әуе-қорғаныс күштері, мемлекеттік шекараны қорғау күштері және де ұлттық гвардия мен ішкі әскерлер кіреді. Өз кезегіне қарай, қарулы күштер түрлі бөлімдерден және әр түрлі құрамалар мен арнайы әскерлерден тұрады.

*Тақтада балаларға слайд суреттер көрсетіледі*

20 жылдық қалыптасу кезеңінде ұлттық әскер күштері азаматтардың еңсесін тіктеп, еркіндігін кеңейтіп, аянбай еңбек етуде. Әскеріміз жаңарып, оның күш-қуаты жылдан жылға нығаюда. Бұл күн - қайсар мінезді ата-бабамыздың жауынгерлік дәстүрінің заңды жалғас тапқан күні.

Дәстүр бойынша, Отан қорғаушылар күнінде Қазақстан Республикасының Президенті (Жоғарғы Бас қолбасшы) Н.Ә.Назарбаев кезекті әскери атақтар тағайындап, көзге түскен әскери қызметкерлерді марапаттайды. Мереке күні құттықтау рәсімдері өткізіледі.

Scanned with CamScanner




Scanned with CamScanner

«Тексерілді» ____
МКҚК №1 «Күншуақ»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: Асанова Л.М

# Жадынама

## «Жолда абай болайық!»

**«Көбелек»** ересек тобы

**2025-2026 оқу жылы**

Scanned with CamScanner

**Құрметті ата-аналар!**

**Сіздің балаларыңыз бағдаршамның қызыл шамында жолдың жүріс бөлігін таптап жатқан жоқ па? Балаларыңыздың жолдағы қауіпсіздігіне қандай баға қоясыз? Әрбір ата-ананың міндеті - баласымен бірге жолда жаяу жүргіншілердің жүру әліпбиін үйрену.**

**Жол еркелікке шыдамайды - аяушылықсыз жазалайды!**

**Қауіпсіз қадамдар жолдағы қауіпсіздік жолында**

**I. Ата-аналар баласы туралы не білуі керек?**

***3-4 жаста*** бала қозғалыстағы көлік пен тұрған көліктің аражігін ажырата алады, бірақ ол көліктің әп-сәтте тоқтайтынына сенімді.

***6 жаста*** - бүйірлік көру арқылы ол ересектердің көргендерінің шамамен 2/3 бөлігін көреді; ненің жылдам жүретінін қалай анықтау керектігін білмейді; велосипед немесе спорттық көлік; зейінді қалай дұрыс бөлу керектігін және маңыздыны елеусізден ажырата алмайды.

***7 жаста*** - жолдың оң жағын сол жақтан сенімдірек ажыратады.

***8 жаста*** - қоңырауға және т.б. жауап бере алады; жолда жаяу жүргіншілер қозғалысының тәжірибесі бар; велосипедпен жүрудің негізгі дағдыларын белсенді түрде меңгереді (кедергілерді айналып өту, күрт бұрылыстар жасау мүмкіндігі), шудың көзін анықтай алады; заттың көлемі, оның қашықтығы мен уақыты (көлік неғұрлым жақын болса, соғұрлым үлкен) арасындағы байланысты орнату [illegible] алады (жолға шыққаннан кейін қайтадан тротуарға оралыңыз).

**II. Ата-аналардың өздері көлік жүргізу кезінде не істеуі керек және не істемеуі керек?**

- Асықпаңыз, жолды әрдайым өлшенген қадаммен кесіп өтіңіз.
- Жолға шыққанда сөйлесуді тоқтатыңыз - бала жолдан өтіп бара жатқанда зейінін шоғырландыру керек екеніне дағдылануы керек.
- Бағдаршамның қызыл немесе сары түсіне өтпеңіз, тек жасыл шамға ауысыңыз.
- Жолды тек "Жаяу жүргіншілер өткелі" жол белгісімен белгіленген жерлерде кесіп өтіңіз.
- Автобустан, таксиден (троллейбус, трамвай) бірінші болып түсіңіз. Әйтпесе, бала құлап кетуі немесе жол жиегіне жүгіріп кетуі мүмкін.
- Балалардың жол бойында және көлік жүретін жерлерде ойнауына жол бермеңіз.
- Балаңа жолдағы жағдайды бақылауға қатысуға баулу: оған бұрылуға дайындалып жатқан, жылдамдықпен келе жатқан машиналарды көрсету және т.б.
- Баламен бірге көліктің, бұталардың артынан, алдымен жолдарды тексермей жүрмеу әдеттегі қателік болып табылады және балалардың оны қайталауына жол бермеу керек.
- Көлікте міндетті түрде қауіпсіздік белдіктерін тағыңыз. Баланы ең қауіпсіз жерге қойыңыз: арнайы балалар креслосына, артқы орындықтың ортасына немесе оң жағына. Ұзақ сапарлар кезінде жиі тоқтаңыз. Бала қозғалуы керек.
- Жол қозғалысының басқа қатысушыларына [illegible] агрессия [illegible] болмаңыз. Оның орнына балаңызға олардың қателігі неде екенін нақты түсіндіріңіз. Жол қозғалысы ережелерімен танысу үшін әр түрлі жағдайларды қолданыңыз, өз қателіктеріңізді сабырмен мойындаңыз.

**Сізге сәттілік! Өйткені, жол қозғалысы ережелерін жетік білу және сақтау - жас жаулап алушының қауіпсіздігінің кепілі өмір жолдары.**

Scanned with CamScanner

**АТА-АНАЛАРҒА арналған ЖАДЫНАМА №1**

Құрметті ата-аналар!

**Балаларды жолда күтіп тұрған қауіп-қатерден құтқару жолында бізді қолдайтындарыңызға сенімдіміз. Балаңызға жол қозғалысы қауіпсіздігі дағдыларын үйретуге бұдан әрі де көп көңіл бөлетініңізге сенеміз.**

**Біз сіздің отбасыңыздың барлық мүшелерінің өмірі мен денсаулығын сақтауға мүдделіміз, бірақ жол қауіпсіздігі көбіне өзіңізге байланысты!**

**Біз бірге баланы осы дүниеде қауіпсіз өмір сүруге үйретеміз!**

**Ұсыныстар ата-аналар үшін**

1. Үйден шыққан кезде:

• баланың назарын кіреберістегі көлік құралдарының қозғалысына бірден аударыңыз және бірге көлік, мотоцикл, мопед, велосипед сізге жақындап келе жатқанын тексеріңіз;

• егер кіреберісте көліктер тұрса немесе көріністі жауып тұрған ағаштар өсіп тұрса, қозғалысты тоқтатып, артқа қараңыз - кедергінің артында қандай да бір қауіп бар ма.

2. Тротуармен жүру кезінде:

• тротуардың оң жағына жабысыңыз; баланы тротуардың шетімен жүргізбеңіз: ересек адам жолдың шетінде болуы керек. кішкентайдан қолынан мықтап ұстаңыз;

• баланы тротуармен келе жатып, ауладан шығуды мұқият қадағалап отыруға дағдыландырыңыз және т.б.;

• балаға жолды тастармен, әйнектермен және т.б. лақтыру, жол белгілеріне зақым келтіру апатқа әкеп соқтыруы мүмкін екенін түсіндіріңіз.

• баланы жүріс бөлігіне шығуға үйретпеңіз; балалармен арбалар мен шаналарды тек тротуармен алып жүріңіз;

• бір топ балалар көшеде оларды [illegible]

немесе балалармен бірге жүретін басқа ересектермен жұптасып жүруге үйретіңіз.

3. Жолдан өтуге дайындық:

• қозғалысты тоқтатыңыз немесе баяулатыңыз, жүріс бөлігін тексеріңіз;

• баланы жолдағы жағдайды бақылауға тарту;

• <u>қозғалыстарыңыздың астын сызыңыз</u>: *көшені қарау үшін басты бұру, жолды қарау үшін аялдама, көліктердің өтуіне арналған аялдама;*

• балаңызға жақындап келе жатқан көліктерді ажырата білуге үйретіңіз;

• балаңызбен тротуардың шетінде тұрмаңыз, өйткені көлік өтіп бара жатқанда артқы дөңгелектерін қағып, қағып, қағып кетуі мүмкін;

• баланың назарын бұрылысқа дайындалып жатқан көлікке аударыңыз, көліктегі бұрылыс сигналдарының сигналдары және мотоциклші мен велосипедшінің қимылдары туралы айтып беріңіз;

• балаңызға көлік құралы өткелде қалай тоқтайтынын, оның инерциямен қалай қозғалатынын бірнеше рет көрсетіңіз.

4. Жүріс бөлігімен өту кезінде:

• жолды тек жаяу жүргіншілер өткелдері арқылы немесе қиылыстарда белгіленген зебра сызығы бойынша кесіп өтіңіз, әйтпесе бала қажет болған жерден өтуге дағдыланады. асықпаңыз және жүгірмеңіз; әрқашан өлшенген қадаммен жолды кесіп өтіңіз;

• жолды қиғаш кесіп өтпеңіз; балаға көше бойымен қиғаш жүріп өткен сайын оның автомобильдерді жақсы бақылау үшін жасалып жатқанын тағы көрсетіңіз, көрсетіңіз және айтыңыз. [illegible] жақтан достарыңызды, туыстарыңызды, таныстарыңызды, дұрыс автобусты немесе троллейбусты көрсеңіз, жолдың қарсы жағына асықпаңыз. Асықпаңыз және [illegible] балаңызға бұл қауіпті екенін ескертіңіз.

• айналаңызға қарамай, көлік сирек өтетін көшеден өтуді бастамаңыз;

• балаңызға көліктер күтпеген жерден аллеядан, үйдің ауласынан шығып кетуі мүмкін екенін түсіндіріңіз;

• адамдар тобында реттелмейтін өткелден өтіп бара жатқанда, балаңызды көлік қозғалысының басталуын мұқият қадағалап отыруға үйретіңіз, әйтпесе ол транзит кезінде трафикті бақыламайтын жерсеріктердің жүріс-тұрысына еліктеуге дағдылануы мүмкін. .

Scanned with CamScanner

## АТА-АНАЛАРҒА арналған ЖАДЫНАМА №2

*Ата-аналар мұны білуі керек...*

• Көбінесе жарақат ересектердің кінәсінен болады. Көбінесе ата-аналардың өздері жол қозғалысы ережелерін бұзады.

• Статистика бойынша көшеде зардап шеккен әрбір 16-шы бала өзімен бірге жүрген ересектердің қолынан қашып кеткен. Баламен жолдан өту кезінде оны мықтап ұстау керек.

• Балаларды жол қозғалысы ережелеріне үйрету оларды сақтауға шақырумен шектелмеуі керек. Балалардың ойлауының нақтылығы мен бейнелі болуына байланысты оқыту көрнекі және табиғи жағдайда жүргізілуі керек. Баланы көшеде, көлікте және т.б. жүріс-тұрыс ережелерін саналы және кедергісіз үйрету үшін кез келген қолайлы сәтті пайдалану керек.

• Мектеп жасына дейінгі бала, егер көлік ауладан өтіп бара жатса, ата-анасыз жүрмеуі керек.

• Ата-аналар балаларын балабақшаға апарып, тәрбиешілерге тапсыруға міндетті.

• Көшеде үлкендер үлкендердің, үлкендердің еріп жүруінсіз серуендеуге шыққан балалардың мінез-құлқына немқұрайлы қарамауы керек.

*Қоғамдық орындарда жүргенде...*

Қоғамдық көлікке [illegible] (троллейбус, трамвай және такси) отырғызу және түсіру кезінде:

• баланың алдынан шығыңыз, себебі ол құлап кетуі мүмкін, ал үлкен бала жолда тұрған көліктің қасынан жүгіріп кетуі мүмкін.

• [illegible] құралының есігіне ол толық тоқтағаннан кейін ғана отыруға жарамды. Бала, ересек адам сияқты, сүрініп, дөңгелектердің астына түсіп кетуі мүмкін. Қоғамдық көлікке (троллейбус, автобус) соңғы сәтте ол жолға [illegible] есіктерінің [illegible] [illegible] қауіп төндіреді, өйткені көлік құралының дөңгелектерінің астына түсіп кетуге болады;

• балаңызды аялдама аймағында мұқият болуға үйретіңіз - ол үшін өте қауіпті орын: тұрған автобус осы аймақтағы жолдың көрінісін азайтады, жаяу жүргіншілер мұнда жиі асығады және баланы абайсызда итеріп жіберуі мүмкін, жүріс бөлігі және т.б.

Қоғамдық көлікті күту кезінде:

• балалармен тек қону алаңдарында, ал олар болмаған жағдайда тротуарда немесе жол жиегінде тұрыңыз.

Көлік құралын басқарған кезде:

• балаларды көлікте тек артқы орындықта отыруға үйретіңіз; егер алдыңғы орындық арнайы балалар орындығымен жабдықталмаған болса, жүргізушінің қасына отыруға рұқсат бермеңіз; оларға кенеттен тоқтау немесе соқтығысу кезінде инерция күші отырған адамды алға "лақтырып" жіберетінін және ол алдыңғы панельдің әйнегіне соғылатынын түсіндіріңіз; бұл жолаушының өліміне немесе ауыр жарақат алуына жеткілікті;

• көлік жүргізу кезінде кішкентай баланың артқы орындықта тұруына жол бермеңіз: соқтығысқан немесе кенеттен тоқтаған кезде ол орындықтың артқы жағынан ұшып өтіп, алдыңғы әйнекке немесе панельге соғылуы мүмкін; балалардың көлікте қараусыз қалуына жол бермеңіз.

Қоғамдық көлікте жүргенде:

• тежеу кезінде соққыдан жарақат алмас үшін балаңызды тұтқаларды мықтап ұстауға үйретіңіз.

• Балаңызға көліктің кез келген түрінен толық тоқтаған кезде ғана кіруге және шығуға болатындығын түсіндіріңіз.

[illegible]

Мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы бүлдіршіндер көліктің қауіптілігін [illegible] [illegible] [illegible] маңызды. Демек, ереже: егер доп жолға домалап кетсе, бала міндетті түрде пайда болады. Мұны біліңіз және алдын ала жылдамдықты азайтыңыз.

Егер бала көлікке қараса, бұл оны көреді дегенді білдірмейді. Өз ойларына беріліп, келе жатқан көлікті жиі байқамай қалады. Көлік қағып кеткен ересек адам "бампердің сынуын" - төменгі аяғының сынуын алады. Ал балалар асқазанға, кеудеге және басқа соққы алады. Нәтижесінде бала қайтыс болады немесе бас сүйегінен ауыр жарақат алады, ішкі ағзаларының жыртылуы және сынуы.

***Көліктің жылдамдығы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым соққы соғұрлым ауыр болады және оның салдары ауыр болады!***

Scanned with CamScanner

# АТА-АНАЛАРҒА ЖАДНАМА ТАРАТУ



Scanned with CamScanner

«Тексерілді» ____________
МКҚК №1 «Күншуак»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: Асанова Л.М

# Тәрбие сағаты

## «Ұлы жеңіс жасасын!»

«**Көбелек**» ересек тобы

2025-2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner

**9 мамыр Жеңіс күніне арналған тәрбие сағаты.**

**Күні:** 08.05.2026 жыл
**Тобы:** «Көбелек» ересек топ
**Тақырыбы:** «Ұлы жеңіс жасасын!»
**Міндеті:** Балаларды адамгершілікке, отанын сүюге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, оларға патриоттық тәрбие бере отырып, өз елін, жерін қастерлейтін саналы да парасатты елжанды-ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеу.
**Көрнекілігі:** Ұлы Отан соғысы туралы кітаптар, батырлар суреттері. Шағын бинебаянды мультфильм.

**Тәрбиеші:** 9-мамыр Жеңіс күні-бүкіл дүниежүзі бойынша үлкен мейрам. Әсіресе, бұл мерекені екінші дүниежүзілік соғыстың бар ауыртпалығын өз мойнымен көтеріп, Отан үшін от кешіп, соғыстың қанға бөккен даласында қайсарлықпен шайқасқан, Жеңістің туын желбіреткен, Ұлы Отан соғысының ардагерлері үшін ерекше мейрам. Соғыста Кеңес Одағының бірге біздің Қазақстан Республикасы да жан аямай шайқасты. Даңқты қарулы күштердің және еңбек армиясының құрамында млн қазақстандықтар болған. Ат ауыздығымен су ішкен, ер етегімен су кешкен сұрапыл соғыста ерлермен бірге қолдарына қару алып, Отанын қорғауға біздің батыр апаларымыз Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мамбетова ерлік көрсетіп, батырлықпен қаза тапты. Бауыржан Момышұлы екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, халық қаһарманы қазақтың көрнекі жазушысы.

Электронды тақта арқылы балаларға 9 мамыр Жеңіс күніне арналған мултфильм көрсетілді.

**Сұрақ-жауаптар:** Балалардың шағын видое роликті мультфильмнен алған түсініктерін нығайту.

**Тәрбиеші:** Енді балалар топқа оралып Мәңгілік алау ермексаз арқылы безендірейік.

**Хор:** Ескендір Ибраймовтың «Көк тудың желбірегені» әні.

**Тәрбиеші:** Осымен «Ұлы жеңіс - жасасын» атты тәрбие сағаты аяқталды.

Scanned with CamScanner




Scanned with CamScanner